



БОСАНҒАНҒА ДЕЙІН БАҚЫЛАЙДЫ

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



МАҒЖАН НЕГЕ ҚУДАЛАНДЫ?

9-БЕТ | РУХАНИЯТ



БІЗДІҢ «ТРАКТОР» МА?

10-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Ең алдымен, халықтың береке-бірлігін сақтау елдігіміз үшін аса маңызды. Бұл туралы үнемі айтып жүргенімді білесіздер. Ынтымағы жарасқан, ортақ мақсатқа ұйысқан ұлт ешқашан ұтылмайды, ештеңеден құр қалмайды. Бұл істе зиялы қауым айрықша рөл атқарады. Әсіресе елге сөзі өтетін аға буынның орны бөлек. Олар – қазақтың қаймағы, ұлттың мақтанышы. Елдің тұтастығы зиялы қауымның бірлігінен басталады. Яғни алдымен ел ағаларының арасында ауызбіршілік болуы керек.

№75
(4663)
Сейсенбі
25 маусым
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



5

АУЛАЛАР АБАТТАНЫП, КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙДІ

Жаз басталғалы елордада тұрғын үй аулалары мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Сонымен қатар көгалдандыру мен жол жөндеу жұмысы да тұрақты атқарылуда. Осы жылы 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады.



ЮНЕСКО ҚОЛДАЙДЫ

Биыл 8-13 қыркүйек аралығында Астанада өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары ЮНЕСКО тарапынан қолдауға ие болды. Бұл туралы аталған ұйымның сайтында хабарланды.

Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – этникалық спорт түрлері бойынша өтетін ең ірі халықаралық спорт жарысы. Жарыстар Орталық Азияның тарихи көшпелі халықтарының ұлттық ойындарына негізделген. Астанада өтетін ойындарда 21 спорт түрі бойынша 89 елден 2500-ге жуық қатысушы болады. Бағдарлама ат спорты, күрес, дәстүрлі садақ ату және интеллектуалды ойындар сияқты жарыстарды қамтиды. Оған спортшылар ғана емес, мәдениет пен ғылым өкілдері де қатысады деп күтіледі.

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Дәрежеу өскен сайын
ұстамды болғайсың.*

Ахмет Уәлиханов



Елордада колледждерге құжат қабылдау 25 маусымнан басталады.

Құжаттарды қабылдау қағаз түрінде тікелей колледжде (25 маусымнан 1 шілдеге дейін) ұйымдастырылады. Ал 1 шілдеден бастап құжаттарды қабылдау электрондық үкімет порталы (egov.kz) арқылы жалғасады. Құжат тапсыру кезінде 4 колледже дейін және 4 мамандыққа дейін таңдау беріледі.

10 СПОРТШЫ ЕЛ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

Астана қаласының спортшысы Әмір Маймұратов спорттық құзаға өрмелеуден Олимпиада жолдамасын иеленді.

Қазақстан командасының өкілі Әмір Маймұратов Будапешттегі екінші іріктеу турнирінде сәтті өнер көрсетті. Ол жылдамдық бойынша финалға жетіп, күміс жүлде иеленді. Осыған дейін Шанхайда өткен бірінші кезеңде де жақсы нәтиже көрсеткен еді. Осылайша, астаналық спортшы жалпы есепте үшінші орынға ие болып, Олимпиада жолдамасын ұтып алды. Енді Парижде өтетін Олимпиада ойындарында ел намысын 10 елордалық спортшы қорғайды.



ҚАНДАСТЫҢ КЕЛГЕНІ – ҚҰТ

1 маусымдағы жағдай бойынша 7353 этникалық қазақ тарихи отанымен табысып, қандас мәртебесін алды. Жалпы 1991 жылдан бері республикаға 1 млн 135,7 мың этникалық қазақ оралды деп хабарлады Elorda.info.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, жыл басынан Қазақстанға келген қандастардың 49,4 пайызы – Қытайдан, 6,3 пайызы – Түрікменстаннан, 5,4 пайызы – Моңғолиядан, 34,4 пайызы – Өзбекстаннан, 3,2 пайызы – Ресейден, 1,3 пайызы басқа елдерден келген. Қоныстандыру өңірлерінде 2024 жылға арналған қандастарды қабылдау квотасы 2433 адамды құрайды. 1 маусымдағы жағдай бойынша қоныстандыру өңірлеріне 1697 қандас қоныс аударды.



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев Дағыстанда болған лаңкестік әрекет салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Президент Владимир Путинге және Ресей халқына көңіл айтты.

Мемлекет басшысы бейбіт тұрғындардың өміріне жасалған кез келген қастандық пен зұлымдық әрекетті Қазақстан батыл айыптайтынын әрі оны халықаралық және өңірлік қауіпсіздікке төнген зор қауіп ретінде қарастыратынын жеткізді.

Тараптар терроризм мен экстремизмге қарсы күресте тығыз ықпалдастықты жалғастыру, сондай-ақ беделді халықаралық ұйымдар аясында күш-жігер біріктіру маңызды екеніне назар аударды. Бұдан бөлек, президенттер Қазақстан мен Ресей арасы-

дағы стратегиялық серіктестік пен одақтастық қатынастарды одан әрі нығайту мәселелері жөнінде пікір алмасты, сондай-ақ Астанада өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитінің күн тәртібін талқылады.

ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев полиция қызметкерлеріне кәсіби мерекесіне орай жылы лебізін жолдады.

«Құрметті полиция қызметкерлері! Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Сіздер заң пен тәртіпті сақтауға, азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауға елеулі еңбек сіңіріп келесіздер. Әділдік идеясы үстемдік құрған қоғамда полиция қызметкерлеріне

жоғары талап қойылып, зор жауапкершілік жүктеледі. Сіздер антқа адалдықтың және жұртқа жанашырлықтың озық үлгісін көрсетулеріңіз керек. Әрбір тәртіп сақшысының қызметін мінсіз атқарып, білікті маман, отаншыл азамат болуы өте маңызды. Сіздердің әділетті

мемлекет пен берекелі қоғам құруға өлшеусіз үлес қосып, «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға атсалыса беретіндеріңізге сенемін. Әрдайым абырой биігінде болыңыздар! Баршаңызға зор денсаулық, толайым табыс тілеймін» делінген Президент құттықтауында.

ШЫҒЫН БЮДЖЕТТЕН ӨТЕЛМЕЙДІ

Астана қаласының әкімдігі 22 маусым күні өрт шыққан «Rixos Khan Shatyr Residences» тұрғын үй кешеніне қатысты хабарлама таратты. Әкімдік құрған комиссия ұйымдастыру жұмысымен айналысады.



«Өрттен зақым келген пәтерлер мен қасбетті жөндеу шығыны бюджет есебінен өтелмейді. Комиссия ғимаратты әрі қарай пайдалану бойынша техникалық мәселелерді қарайды. Аталмыш үйде өрт болғанын ескерсек, бұл – төтенше жағдай, қала әкімдігі ұйымдастырушылық мәселелер бойынша көмек көрсетеді» деп жазылған хабарламада.

Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек «Rixos Khan Shatyr Residences» тұрғын үй кешенінің зардап шеккен пәтерлерінің тұрғындарымен кездесті. Бұл туралы қала басшысы әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«Өрт салдарын жою бойынша жұмыс комиссиясын құрамыз. Сарапшылар техникалық қорытынды бергеннен кейін қасбетті қалпына келтіруге және

зардап шеккен пәтерлерді жөндеуге кірісеміз. Өрттің себебін қалалық Төтенше жағдайлар департаменті анықтайды» деп жазды әкім.

22 маусым күні өрт түскі сағат 2-де басталып, кешкі сағат 20.00-де сөнді. Оқыс оқиғаның бейнежазбасын куәгерлер әлеуметтік желі арқылы БАҚ-тардың редакциясына жолдаған. Өрт сөндірушілер бірнеше сағат бойы өрт пен түтінге қарсы күресті.

90 КҮН БЕРЕШЕГІ БАРЛАРҒА НЕСИЕ БЕРІЛМЕЙДІ

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқығын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі ақпарат таратты.

Заңға халықтың борыштық жүктемесінің өсуіне жол бермеуге қатысты бірқатар ереже енгізілді. Азаматтар борышының өсуін болдырмау үшін мерзімі өткеніне 90 күннен асқан берешегі бар тұлғаларға кепілсіз тұтынушылық қарыздар беруге тыйым салынады. Алайда қарызды қайта қаржыландыруға бұл тыйым жүрмейді.

«Әскери қызметшілер мерзімді әскери қызметін өткеру кезінде және демобилизациядан кейін 60 күн ішінде алған қарызына сыйақы есептеуден босатылады» делінген хабарламада.

шешімімен келіскен жағдайда, мұндай шешімдерді қаржы ұйымдары орындауға міндетті» деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Омбудсмендер халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын борышкер жеке тұлғалардың өтініштерін қараған кезде кепілге алынған жылжымайтын мүлікті өндіріп алуға тыйым салынады. Сондай-ақ осы санатқа жататын азаматтар бұған дейін міндеттемені орындамағанына байланысты банк балансына өтіп кеткен жалдамалы баспанасын сатып алуға құқылы.

міндеттемесінен босатады. Мұндай механизммен келіспеген жағдайда, атқарушылық іс жүргізу жалпыға бірдей бекітілген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

Азаматтардың банкроттық рәсіміне өтініш беру тәртібі жеңілдетілді. Енді ол үшін кредиторлар тізімін, мерзімі өткен берешекті реттеу және өндіріп алу рәсімдерінің жүргізілгенін растайтын құжаттың көшірмесін беру талап етілмейді. Мұндай деректер кредиттік бюродан сұратылады. Ал кредиторлар оған тиісті мәліметті жіберуге тиіс.



Сонымен қатар 2026 жылғы 1 мамырға дейін банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың қарызын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салынды. 2026 жылғы 1 мамырдан бастап коллекторлық агенттіктерге жеке тұлғалардың құқығын (талаптарды) беру шарттары қатаңдады. Дәл осы күннен бастап тек берешек туындаған сәттен 24 ай өткен және берешекті реттеу жөніндегі рәсімдер міндетті түрде жүргізілген жағдайда ғана қарыз алушы жеке тұлғаларға қатысты құқықты (талаптарды) коллекторларға беруге болады.

«Банк омбудсменің барлық банктік қарыз шарттары бойынша дауларды қарау құзыреті кеңейді (бұған дейін ол тек ипотекалық шарттарға қатысты дауларды қарайтын) және микроқаржы омбудсмен институты енгізілді. Жеке тұлғалар омбудсмендердің

Кәмететке толмаған балалары бар отбасыларды және I немесе II топтағы мүгедектігі бар адамдарды жылыту маусымында жалғыз баспанасынан мәжбүрлеп шығаруға тыйым салынады. Өндіріп алуға жатпайтын және берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қабылдаған кезде қарыз алушының банктік шотында қалуға тиіс ақша сомасы ең төменгі күнкөріс деңгейінің (43407 теңге) екі еселенген мөлшеріне (86814 теңге) дейін ұлғайды.

20 АЕК-ке (73840 теңге) дейінгі әкімшілік айыппұлдарды және салық берешегін өндіріп алу кезінде оңайлатылған іс жүргізу тәртібі енгізілді. Істі әділет органдары автоматтандырылған ақпараттық жүйесі арқылы жүргізеді. Бұл азаматтарды жеке сот орындаушыларының қызметтеріне ақы төлеу

Алаяқтық әрекеттерге жол бермеу үшін онлайн-қарыздар бойынша міндетті түрде биометриялық сәйкестендіру енгізілді. Бұған дейін кредиттік бюрода азаматтардың несиелері алу ерікті түрде бас тартқаны туралы мәлімет болған жағдайда қарыз беруге тыйым салынған еді. Осы заңда аталған тыйымды бұза отырып берілген қарыздар бойынша берешекті қаржы институттары кешіру талабы енгізілді. Сондай-ақ қабылданған заңға сәйкес аталған тыйым ломбардтар берген микрокредиттерге таралмайды. Алаяқтардың ықпалымен рәсімделгенін дәлелдейтін сот актілері бар берешектер заң қолданысқа енгізілген күннен бастап кешіріледі. Сонымен қатар заң арнайы электронды сауда алаңын құру арқылы банктер мен микроқаржы ұйымдарының активтерін сату механизмдерін жетілдіреді.

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАС НЫҒАЯДЫ

Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре Жүсіп Түрікменстан Мәжілісінің Махтумкули Фрагидің 300 жылдығына арналған «Халықтарды біріктіретін тарихи-мәдени құндылықтар» отырысына қатысты. Кездесуге қатысушылар мәдени мұраны сақтау және насихаттау мәселелерін онлайн түрде талқылады.

Нұртөре Жүсіп өз сөзінде Махтумкули Фрагидің шығармашылық мұрасы Орталық Азиядағы барлық халықтың мәдени мұрасы екеніне тоқталды және әлемдік әдебиет тарихына жазылғанын атап өтті. Депутат сонымен қатар Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы ынтымақтастық достық пен тату көршілікке, ғасырлар бойғы тарихи байланыстарға

негізделгенін жеткізді.

«Қазақстан мен Түрікменстан ғасырлар бойы рухани тамыры бір ортақ тарихпен, достық және тату көршіліктің ізгі дәстүрімен, өзара ынтымақпен тығыз байланысып келеді. Бүгінгі таңда екі елдің Парламенттері, Үкіметтері мен мемлекеттік органдары арасындағы өзара белсенді іс-қимыл екіжақты қаты-

настарды нығайтуға ықпал етуде. Мәдени-гуманитарлық саладағы байланыстар өзара іс-қимылдың маңызды құрамдас бөлігі екені даусыз, ал қазақ және түрікмен диаспоралары байланыстырушы буын болып қала береді» деді Нұртөре Жүсіп.

Отырысқа Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Иран депутаттары қатысты.



СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЗОР 44 ЖОБА

Премьер-министр Олжас Бектенов ірі инвестициялық жобаларды іске асыру мәселелері бойынша «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ директорлар кеңесінің отырысын өткізді. Отырыста мұнай-газ, мұнай химиясы, энергетика, көлік-логистика, тау-кен секторларындағы жобалардың қазіргі жағдайы қаралды.

Стратегиялық маңызы бар бастамалар тізбесіне жиынтық сомасы 26,9 трлн теңге болатын 44 жоба кіреді, олардың 11-і бойынша құрылыс-монтаж жұмысы жүргізілуде. Аталған жобаларды іске асыру нәтижесінде Қазақстанда құрылыс кезеңінде 53 мыңнан астам жұмыс орны және пайдалану кезеңінде шамамен 11 мың жұмыс орны ашылады.

Үкіметтің ресми сайты хабарлағандай, экономика үшін басым жобаларды қаржыландыру көлемін

ұлғайтуға ерекше назар аударылды. Биыл 105,1 млрд теңге объектілерді газдандыруға, 272 млрд теңге жалға берілетін тұрғын үй салуға, 680 млрд теңгеден астам сом инвестиция жобаларын іске асыруға бағытталады. Бұдан басқа, «Самұрық-Қазына» Екібастұз 2-ГРЭС-ін кеңейту және реконструкциялауға, «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбыры мен «Дарбаза-Мақтаарал» теміржол желісін салу үшін қаражат тартуға ниетті.

Қор Қашаған кен орнында қуаты

1 млрд текше метр болатын газ өңдеу зауытын салуды жалғастыруда, ондағы мақсат – шикі мұнай өндіруді ұлғайту және шикі ілеспе табиғи газды ұтымды пайдалану. Сондай-ақ мұнай-газ химиясы саласын одан әрі дамыту – полиэтилен шығару жөніндегі газ-химия кешенін және полиэтилен шығаратын зауытты шикізатпен қамтамасыз ету үшін газ бөлу кешенін салу жоспарда бар.

Үкімет басшысы қор экономикасын әртараптандырудың маңызын атап өтіп, барлық еркін өтімділікті стратегиялық маңызды жобаларды іске асыруға және негізгі салаларды қолдауға бағыттауды тапсырды. Олжас Бектенов қордың сатып алуындағы ел ішіндегі мүмкіндіктер үлесін 88 пайызға дейін арттыруды тапсырды (2024 жылғы 5 айдың қорытындысы бойынша игерудегі жергілікті қамту үлесі – 61 пайыз).

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖОБАЛАРЫНА 2,6 ТРЛН ТЕҢГЕ БӨЛІНЕДІ

Мемлекет басшысының Атыраудағы Ұлттық құрылтайда айтқан инфрақұрылым жобаларына 2,6 трлн теңге жұмсалады. Бұл туралы Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров primeminister.kz-ке берген эксклюзивті сұхбатында мәлім етті.

87 ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ГАЗ ТАРТЫЛАДЫ

«Бұл – халыққа арналған тұрғын үйлер мен жолдар салу, жаңа жеңілдетілген ипотекалық бағдарламаларды іске қосу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту және газдандыру. 2,6 трлн теңге инвестиция бөлеміз. Негізінен, бұл – бюджеттен тыс қаржыландыру көздері. Қазіргі таңда өңірлерде осы бағыттардың барлығы белсенді түрде жүзеге асырылып жатыр» деп атап өтті Нұрлан Байбазаров.

195 млрд теңге көлеміндегі қаражат есебінен 300 мыңнан астам адам тұратын 87 елді мекенді газдандыру көзделген. Биыл «Отбасы банк» желісі бойынша инвестиция көлемі 450 млрд теңгені құрайтын «Отау» және «Наурыз» жаңа ипотекалық бағдарламалары іске қосылды. Сондай-ақ 12 мың шақырым жолды жөндеу және салу, 6,5 мың коммуналдық желіні жаңғырту және 55 жылу көзін ретке келтіру қажет.

«Шілдеден бастап Қазақстанның даму банкі коммуналдық қызметтер мен табиғи монополиялар субъектілері үшін теңгемен қаржыландыруды ұсыну жаңа бағдарламасын іске қосады. Бұл осы саладағы күрделі шығындарды қаржыландыруға қатысты. Біз алғашқы 5 жыл ішінде кемінде 300 млрд теңге бөледі жоспарлап отырмыз» деді вице-премьер.

16 НЕГІЗГІ ЖОБА АНЫҚТАЛҒАН

Нұрлан Байбазаров еліміздің су шаруашылығы жүйесін белсенді қалпына келтірудің басталғанын айтты. «Көктемде орын алған су тасқыны еліміздің су шаруашылығы жүйе-

сі инфрақұрылымының дұрыс дамымағанын көрсетті. Біз 500 млрд теңгеден астам инвестицияны талап ететін 16 жобаны анықтадық» деді вице-премьер primeminister.kz-ке берген эксклюзивті сұхбатында.

Бұл инвестициялардың қаржыландыру көздері анықталған. Ислам даму банкі тарапынан жеңілдетілген қаржы тартылғалы отыр. Қаражат ұзақ мерзімге және өте төмен мөлшерлеменен беріледі, бұл аталған салада қордаланған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Су шаруашылығы жүйесін жаңарту су қоймалары мен суару арналарын салуды, сондай-ақ қызметтердің техникалық инфрақұрылымын нығайтуды қамтиды.

«Ең алдымен, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша біз Төтенше жағдайлар министрлігінің жүйесіндегі техникалар мен құралдарды толық жаңартамыз. Су шаруашылығында «Қазсушар» жүйесін қажетті техникамен жабдықтаймыз» деп атап өтті министр.

Сондай-ақ Нұрлан Байбазаров «Жасыл даму» қаражаты орман және су шаруашылығы, төтенше жағдайлар жүйесі секілді техникамен жабдықтауды және оларды жаңартуды қажет ететін салаларға бөлінгенін атап өтті. Бұл – 200 млрд теңгеден астам қаражат. Жобалар бүгінде жүзеге асып жатыр, техниканың бірінші партиясы биыл жеткізіледі.

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров primeminister.kz-ке берген эксклюзивті сұхбатын-



да биыл бұған дейін басталған жолдардың құрылысы аяқталатынын хабарлады. Олардың қатарында Талдықорған-Өскемен тасжолы, Астана-Алматы жолын реконструкциялау, Балқаш маңындағы және батыс өңіріндегі кейбір жолдарды қайта жаңарту және салу жобалары бар.

«Достық-Мойынты», Алматы қаласының айналма жолы, Дарбаза-Мақтаарал, Бақты-Аягөз темір жолдарының құрылысы жалғасуда. Аталған жобалар өткен жылы басталған болатын. Барлығы еліміздің транзиттік әлеуетін дамытуға және Қазақстанның Орталық Азия аймағындағы негізгі транзиттік хаб ретіндегі позициясын бекітуге бағытталған. Осы жобалардың барлығын іске асыру, әрине, орта дәлізді дамытуға ықпал етеді» деп атап өтті Нұрлан Байбазаров.

Осыған байланысты «Қазақстан темір жолы» жүйесіндегі негізгі құралдар белсенді түрде жаңартылып, жаңа жүк вагондары сатып алынууда. Бұл жұмысқа отандық өндіріс қуаты тартылған.

«Біз осы саладағы зауыттарымызға тапсырыс береміз. Мұның барлығы көлік-транзит әлеуетін дамытуға бағытталған» деп атап өтті вице-премьер.

ЭНЕРГЕТИКТЕРДІ ҚҰТТЫҚТАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов елордалық энергетиктерді құттықтап, алғыс хаттар табыс етті. Бұл туралы Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.



«Энергетиктердің жұмысы барлық уақытта құрметке лайықты және мерейлі болып қала береді, оның маңызын асыра бағалау қиын. Энергетиктер елорда тұрғындарының игілігі үшін адал еңбек етеді. Сондықтан қала тұрғындарының үйлері әрқашан жылы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметкерлері күні аясында Астана қаласы әкімдігінің жаңадан құрылған Энергетика басқармасының белсенді қызмет-

керлеріне алғыс хаттар табыс еттік. Басқарманы елордалық мәслихаттың VII және VIII сайланымын бұрынғы депутаты Нұрлан Купешов басқарады. Энергетика – бүгінде еліміздің бүкіл экономикасының дамуына серпін беретін іргелі сала. Бірде-бір өнеркәсіп электр және жылу энергиясыз жұмыс істей алмайды. Басқарма қызметкерлеріне зор денсаулық, жылыста табыс, отбасына бақ-береке тілейміз!» деп жазды лебізін Е.Каналимов.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ МӘРТЕБЕ КЕРЕК

Бүгінде елімізде әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының әлі күнге шешілмеген проблемалары жетерлік. Соның ішінде ең маңыздысы – қызметкерлердің еңбекақы мәселесі. Бүгінгі нарықтың деңгейімен салыстырсақ, «айлығы шайлығына жетпейтін» деп осы саланың қызметкерлеріне қарата айтылғандай.

Статистикаға сүйенсек, елімізде қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационар жағдайында жұмыс істейтін 118 әлеуметтік қызмет көрсету орталығы бар екен. Олардың функцияларына азаматтардың осы санаттарына әлеуметтік қызмет көрсету, медициналық, әлеуметтік және кәсіптік оңалту жұмыстары, мүгедек балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруіне жағдай жасау кіреді. Осындай мекеменің бірі Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына» арнайы барып, орталықпен толық таныстым. Орталықтың ішкі санитарлық жағдайы, әкімшілік бөлімінің жұмысы үйлестірілуі мен ұйымдастыруы жоғары деңгейде екеніне көзіміз жетті. Алайда мүгедектігі бар, әртүрлі диагноздағы тастанды балаларға қамқорлық жасап отырған мекеме қызметкерлерінің жұмысы – аса бейнетті әрі жауапкершілігі мол жұмыс. Мысалы, 10 жылдан астам еңбек өтілі бар әлеуметтік жұмыс маманының бір айлық еңбекақысы – 155 мың, тазалықшының еңбекақысы – 87 мың теңге.

Дәл осындай мәселесі бар тағы бір мекеме – ол Астана қаласы әкімдігінің «Арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығы». Бұл жерде де еңбекақы мәселесі әлі күнге шешілмеген. Мысалы, тазалықшының бір айлық еңбекақысы 90 мың болса, тәрбиешінікі – 120 мың, ал тәрбиешінің көмекшісі бар болғаны 80-100 мың аралығында ғана еңбекақы алады.

Кейінгі жылдардың статистикасы мен ресми ақпаратына сүйенсек, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2021 жылы әлеуметтік қызметкерлер кәсібінің беделін арттыру және олардың мәртебесін тану мақсатында әлеуметтік қорғау ұйымдарында жұмыс істейтін басқарушы және негізгі персоналдардың жалақысын кезең-кезеңімен арттырып жатқанын мәлімдеген.

Сондай-ақ әкімшілік, қосалқы персонал қызметкерлерінің, стационар және жартылай стационар, үйде

қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарында жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы қолданыстағы базалық лауазымдық айлықақының 30 пайызын лауазымдық еңбекақының 40 пайызына өзгерту арқылы арттырылғаны айтылған. Сол мәліметке сүйенсек, жоғары білімді, екінші санаттағы 5-7 жыл еңбек өтілі бар әлеуметтік қызметкердің жалақысы 2020 жылы 128300 теңгені құраса, 2021 жылы 189000 теңгеге дейін өсті. 2022 жылы 219000 теңгеге, ал 2023 жылы 250000 теңгеге дейін өсіп, екі есеге дейін ұлғаяды деген министрлік. Бұл – 2021 жылғы мәлімет. Ал қазір арада 3 жыл уақыт өтсе де бұл саладағы еңбекақы мәселесі әлі толық шешілмеген.

Еңбекақы мәселесінен бөлек, тағы бір мәселе, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы қызметкерлердің барлығында арнайы статус беріп айта алмаймыз. Сол себепті еңбекақы мәселесі күрделіленіп тұр. Бұған қоса, қызметтік ерекшелікке сай мамандарға жүктелетін қосымша ауыр жұмыстар, атап айтсақ, науқас балалардың күтіміне физикалық еңбектің көбірек жұмсалатыны, кейбір психикалық науқастың бар балалардың тәрбиешілерге күш көрсететіні, соққыға дейін жететін жағдайларындағы қызметкерлердің қорғалмауы да көпшілік біле бермейтін мәселе. Сонымен қатар әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы жалақының төмендігінен және әлеуметтік қорғалмағандықтан, бұл орталықтарға кәсіби білікті мамандарды жұмысқа тарту мүмкіндігі жоқ. Кәсіби білікті маман тұрмақ, жай мамандардың өздері бұл орталықтарда жұмыс істеуге ниеті болмайды. Алайда қарттар, жетім балалар және мүгедектігі бар адамдар әрдайым қамқорлыққа, әлеуметтік және кәсіптік қолдауға мұқтаж болып қала бермек. Көтерілген мәселелерді ескере отырып, әлеуметтік қызметкерлердің еңбекақысы мен аталған саладағы қызметкерлердің барлығына арнайы статус алуы бойынша мәселелерді шешуді сұраймыз.

Амангелді ТОЛАМИСОВ,
Сенат депутаты

№75 (4663) 25/06/2024 Сейсенбі

«ТАЗА ДҮЙСЕНБІ» ЭКОШАРАСЫ ӨТТІ

Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» ауқымды эоакциясы аясында «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы кезекті «Таза дүйсенбі» 7-акциясын өткізді. Қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен іс-шарада елордадағы Республикалық бас мешіт аумағында тазалық жұмысы жүргізіліп, ағаштарына күтім жасалды. Акцияға жалпы 170-тен аса жас қатысты.

Акция қаланың экология жағдайын жақсарту және тазалықты сақтау, әрбір аулада тазалық пен тәртіпке саналы, адал көзқарас қалыптастыру мақсатында өтеді.

– «Жасыл ел» бағдарламасын іске асыру – мемлекеттік жастар саясатының негізгі басым бағытының бірі. Ол жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, абаттандыру арқылы студент жастарды еңбекпен қамтамасыз ету, жастар арасында экология тәрбиесін насихаттау және достық қарым-қатынасты нығайту, жастардың табиғатқа қамқорлықпен қарап, өзінің жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылып жүр. Іс-шара барысында Өндіріс тұрғын алабының айналасын тазарту жұмысы жүргізілді. Экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруымыз керек. Оны әркім өзінен бастағаны жөн, – деді Марат Мұхамеджанов.

Айта кетейік, биыл «Жасыл ел» еңбек жасағының ХХ еңбек маусымы басталды. Жоба аясында елорда бойынша 4200-ден астам 14 пен 35



жас аралығында жастар жұмыспен қамтамасыз етіледі. Олар қаламыздың құрылыс нысандарына, қала маңындағы «жасыл белдеуге», әлеу-

меттік нысандарға, жалпы білім беретін мекемелер аумағына, қала саябақтарына, көгалдандыру жұмысына жұмылдырылады.

Енді емханаға тіркелу қызметі тек ел азаматтары үшін ғана емес, сонымен қатар қандастар мен бейрезиденттер үшін де қолжетімді деп хабарлады Elorda.info.

ЕМХАНАҒА ЕРКІН ТІРКЕЛУГЕ БОЛАДЫ

Медициналық мекемеге тіркелу барысында пайдаланушылар дәрігерді таңдай алады, сонымен қатар медициналық қызмет көрсету учаскесінің нөмірі туралы ақпаратты көре алады.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін медициналық ұйымға тіркелу қызметі eGov.kz-те ең танымал қызметтің бірі болып қала береді. 2024 жылдың 6 айында ғана порталға емханаларға тіркелу бойынша 1,2 млн-нан астам өтінім берілді.

Қызметті тек тұрғылықты жері өзгерген жағдайда ғана емес, сонымен қатар медициналық ұйымды жылына бір реттен жиі емес (15 қыркүйектен 15 қарашаға дейінгі кезеңде) ауыстыруға болады. Қызмет үш қадаммен жүзеге асады. Алдымен eGov.kz порталына кіріп, «денсаулық сақтау» бөліміне өтесіз. Содан кейін қызметтер тізімінен «емханаға тіркелу» тармағын таңдайсыз және барлық қажетті жолды толтыру керек. Соңында ЭЦҚ көмегімен қызметке қол қойсаңыз жеткілікті.

ЖОҚ ПӘТЕРДІ ЖАЛҒА БЕРГЕН

Есіл ауданы ПБ криминалдық полиция қызметкерлері жедел-ізвестіру іс-шараларын өткізу барысында астаналықтарды алдады деген күдікпен 41 жастағы қала тұрғынын анықтады.

Сотқа дейінгі тергеу барысында ер адам kisha.kz сайтына нарық құнынан төмен бағада пәтерді жалға беру туралы хабарландырулар жариялағаны белгілі болды. Ол шұғыл ақша қажет деп және пәтер жалдауға ниет білдіргендердің көптігін сылтауратып, жәбірленушілерден 90 мың теңгеден 150 мың теңгеге дейінгі алдын ала төлемді аударуды сұрағаны белгілі болды.

«Бүгінге дейін алаяқтың қармағына түскен 9 азамат полицияға жүгінген. Олардың бірі, 23 жастағы жәбірленуші, күдікті жіберген пәтердің фото-бейне жазбасына сеніп, үйді көрместен 120 мың теңгені алаяқтың шотына аударған» делінген хабарламада.

Аталған фактілер бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Қазіргі кезде басқа да зардап шеккендер анықталып жатыр.

БРИКС ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН ҚАРСЫ АЛДЫ



Кеше бас қаламыздың халықаралық әуежайына көркем гимнастикадан БРИКС ойындарының қола жүлдегерлері ұшып келді. Жеңімпаз атанған елордалық спортшыларды құттықтау үшін Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит және олардың ата-аналары әуежайда жиналып, чемпиондарды қошеметпен қарсы алды деп хабарлайды елорда әкімдігінің ресми сайты.

«Дүбірлі додада бар күшіңізді салып, жігеріңізді көрсеттіңіздер. Біз сіздерді қашанда қолдауға дайынбыз. Жарқын жеңісіңіздің әлі де алда екеніне сеніміміз мол» деді басқарма басшысы Василий Левит.

Естеріңізге салсақ, «Фурор» ко-

мандасы БРИКС ойындарында көркем гимнастикадан 4 қола жүлде жеңіп алған болатын.

Команда сапында Жасмин Жүнісбаева, Кристина Чепульская, Анда Хакимжанова, Айзере Кеңес, Айзере Нұрмағамбетова және

Мәдина Мырзабай өнер көрсетті.

Айта кетсек, команда құрамындағы 6 қыздың барлығы – қалалық №1 балалар мен жасөспірімдердің мамандандырылған олимпиадалық резерв спорт мектебінің тәрбиеленушілері.

Казан қаласындағы БРИКС ойындарында Қазақстан құрамасы медальдық есепте 10-орынға ие болды. Команда қоржынында 2 алтын, 10 күміс және 17 қола медаль бар.

БРИКС ойындары 12 маусымнан 23 маусымға дейін созылды. Жарысқа 90-нан астам елден 5 мыңға жуық спортшы қатысты, олар 387 медаль жиынтығын сарапқа салды.

АПТАП ЫСТЫҚ БОЛЖАНАДЫ



«Қазгидрометтің» мәліметінше, елімізде алдағы үш күнде – 25-27 маусым аралығында ауа райы температурасы 46 градусқа дейін ыстық болады.

«Жақын күндері Иран аймақтарынан Қазақстан аумағына жылы ауа массалары ене бастайды. 25-26 маусымда еліміздің батыс және солтүстік облыстарында жаңбыр, кей жерлерде қатты жаңбыр күтілетініне қарамастан,

27 маусымға қарай аптап ыстық республиканың солтүстігіне жетеді. Қазақстанның солтүстігінде күндізгі ауа температурасы +35-38°C, оңтүстігінде өте қатты ыстық – +40-46°C дейін көтеріледі» делінген хабарламада.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ҰЗАРУЫ МҮМКІН

Елордалық оқушылар мен студенттердің жазғы демалысы ұзаруы мүмкін.

Астана қаласының оқушылары мен студенттері үшін оқу жылының басталу уақыты V Дүниежүзілік көшпен-

ділер ойындарының өткізілуіне байланысты шегерілуі мүмкін. Вице-министрдің айтуынша, қазір Оқу-ағарту

министрлігімен, Ғылым және жоғары білім министрлігімен келіссөздер жүргізілуде.

ЕЛ НАЗАРЫН ЕСІРТКІГЕ АУДАРДЫ

Бас қалада кезекті экология акциясы өтті, оның барысында полицейлер мен еріктілер есірткі жарнамасы бар граффитиді бояды.

Байқоңыр ауданы, Ж.Тәшенев көшесі, 4/1 мекенжайында өткен іс-шараға Байқоңыр ауданы әкімдігі, жергілікті полиция қызметі басқармасы, Астана қаласы ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы, YEU өкілдері, «Астана жастары» еріктілері және елордалық мәслихат депутаты Владислав Сергеев қатысты.

«Іс-шара «Таза Қазақстан» экология акциясы аясында өтуде. Бірінші іс-шара А.Бараев көшесінде өтті, онда біз есірткі заттарының жарнамасын боядық. Алда заңсыз жарнаманы анықтау мен бояуға ұқсас іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз» деді Байқоңыр ауданы ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гүлдана Қазбекова.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жасөспірімдер тыйым салынған заттарға тәуелді. Сон-

дықтан осындай акцияның көмегімен есірткіге тәуелді астаналықтардың санын азайтуды көздейді.

«Есірткі жарнамасын бояу тұрақты жүзеге асырылады. Осылайша, ел назарын есірткі мәселесіне аударамыз, сондай-ақ сайттар арқылы есірткінің таралуына жол бермеуге күш саламыз. Балалар психоактивті заттарды сататын дүкендерді жарнамамайтын граффити суреттерді бояйды. Профилактикалық жұмыс өскелең ұрпақ арасында есірткіні қолдану фактілерін азайтуға бағытталған» деді елордалық ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы Сергей Ильных.

Есірткі жарнамасын жою бойынша акциялар елорданың барлық ауданында өтеді және қараша айына дейін жалғасады.



АУЛАЛАР АБАТТАНЫП, КЕҢІСТІКТЕР КӨБЕЙДІ

Астанада аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру жұмысы қарқынды жүріп жатыр. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек осы жылы 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылғанын, олардың бір бөлігі қазірдің өзінде аяқталып қалғанын айтқан болатын.



Халықаралық балаларды қорғау күніне орай елордада 20-дан астам аула мен қоғамдық кеңістік ашылды. Астананың Алматы, Байқоңыр, Есіл, Нұра және Сарыарқа аудандарында абаттандыру жұмысы ауқымды жүруде.

Биыл Байқоңыр ауданында 44 аула аумағы мен 6 қоғамдық кеңістікті абаттандыру жоспарланып отыр. Оның ішінде 22 аула «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша жүзеге асады. Бүгінгі таңда 3 аула абаттандырылып, тұрғындар игілігіне берілді. Сонымен қатар 70 аула аумағында жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізіледі. Бөгенбай батыр даңғылындағы қоғамдық кеңістікте абаттандыру жұмысы аяқталуға жақын. Қазіргі таңда аталған аумақта

асфальт жабынын төсеу жұмысы жүргізілуде. «Өндіріс» тұрғын алабында бұрын-соңды мүлде абаттандырылмаған Тайбурыл көшесі, 7А мекенжайы-

да абаттандыру жұмысы жүргізілді. Аталған аула аумағында балалар ойын алаңқайы, спорт алаңы жайластырылады, сондай-ақ тұрғындардың ыңғайлылығы үшін кеспе тастардан тротуар төселеді.

Алматы ауданында тағы бір жаяу жүргіншілер кеңістігі пайда болады. Қазіргі уақытта Ақбұлақ өзенінің жағасынан Б.Момышұлы даңғылына дейін созылып жатқан ауданның маңызды артериясы – Тәуелсіздік даңғылының жаяу жүргіншілер кеңістігін дамыту бойынша жұмыс жалғасуда. Сондай-ақ Тәуелсіздік даңғылы, 6/1 және Тәуелсіздік даңғылы мен Күйші Дина көшесінің қиылысында тағы 2 скверді абаттандыру белсенді жүруде. Жұмыстарға тұрғындарға жайлы демалыс орындарын қамтамасыз ету үшін көлеңкелі шатырлар жасау кіреді. Ерекше қолдауды қажет ететіндер үшін кедергісіз орта

құрылады, бұл оларға жаяу жүргіншілер аймақтарында еркін жүруге мүмкіндік береді. Жағымды атмосфера мен жайлы ортаны қамтамасыз ету үшін көгалдандыруға және көлеңкелі шатырлар жасауға ерекше назар аударылады. Сондай-ақ Алматы ауданында 2 қоғамдық кеңістікті: Т.Жүргенов көшесі мен Ақбұлақ өзенінің жағалауын абаттандыру жұмысы қатар жүруде.

Нұра ауданының аумағындағы «Жағалау» шағын ауданында 18 гектар аумақты кешенді абаттандыру жүргізілуде. Жұмыс аясында 2 сквер және 7 балалар алаңы абаттандырылады. Жол инфрақұрылымын жақсарту үшін 20 бейнебақылау камерасы, 150 саябақ жарықтандыру тірегі 150 қосымша тұрақ орнын жабдықтап, жөндейді, 9 шақырым тротуар желісін салады. Абаттандыру аумағында және



іргелес көшелердің бойында 1125 ағаш отырғызылды. Жұмыстар 10 мыңнан астам астаналық тұратын 19 үйдің алаңында жүруде. Сонымен қатар биыл осы ауданда 3 гүлзар орнатылады. Бұрын сауда орталықтарының құрылысы жоспарланған Тұран даңғылында жүздеген жасыл алаңы бар 2 жаңа қоғамдық кеңістік пайда болады. Сондай-ақ ЕК-32 көшесінде түрікмен ақыны Махтумқалидің құрметіне саябақ салынып, оған ескерткіш орнатылады.

Сарыарқа ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Д.Бабабайұлы көшесіндегі 6, 8, 14, 16, 18 және Кең дала

көшесі, 2 үйлердің аулалары күрделі жөндеуден өтті. Осы жылы аудан аумағында қазіргі заманғы жайлылық пен қауіпсіздік стандарттарын ескере отырып, Юбилейная көшесі, 22 және Жеңіс даңғылы, 34 мекенжайы бойынша 2 жаңа қоғамдық кеңістік пайда болады.

Есіл ауданындағы «Пригородный» тұрғын алабында Қабанбай батыр даңғылы, 105 және Қабанбай батыр даңғылы 105 «А» мекенжайы бойынша аула аумақтары ашылды. Сондай-ақ бірқатар мекенжай бойынша жөндеу-қалпына келтіру жұмысы жүргізілуде.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ЖАҢА МАМАНДЫҚ – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Joltar жобасы аясында елорда тұрғындары көп шоғырланатын аумақтарда «Баршаға мүмкіндік» атауымен 10 модульдік пункт есігін айқара ашты. Ондағы кеңесшілер келушілерге тұрғын үй бағдарламалары, бизнес гранттары, әлеуметтік көмектер және жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат береді.

Joltar жобасы аясында елорда тұрғындары көп шоғырланатын аумақтарда «Баршаға мүмкіндік» атауымен 10 модульдік пункт есігін айқара ашты. Ондағы кеңесшілер келушілерге тұрғын үй бағдарламалары, бизнес гранттары, әлеуметтік көмектер және жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат береді.

Joltar жобасы аясында елорда тұрғындары көп шоғырланатын аумақтарда «Баршаға мүмкіндік» атауымен 10 модульдік пункт есігін айқара ашты. Ондағы кеңесшілер келушілерге тұрғын үй бағдарламалары, бизнес гранттары, әлеуметтік көмектер және жұмысқа орналасу мүмкіндігі туралы ақпарат береді.

Жоба менеджері Елдос Бақытұлының айтуынша, модульдік пунктке келетіндердің көбі – жұмыссыз азаматтар. Арасында Астанаға басқа өңірлерден көшіп келгендер де кездеседі.

– Қала әкімдігінің бастамасымен жүзеге асып жатқан



Осы жерде оқып, жаңа мамандықты толық үйреніп, жеке кәсіп ашқан және алған білімі бойынша қаладағы кәсіпорындарға жұмысқа тұрғандар көп. Жалпы Joltar жобасы – Астана тұрғындары үшін табысын арттыруға және тұрақты табыс табуға ұмтылатын мүмкіндіктердің кешенді әлеуметтік бағдарламасы. Біздің басты мақсатымыз – халық табысының өсуі үшін мүмкіндіктерді таңдауға көмек көрсету, – деді маман.

Жобаға қатысып, курс оқып, өз кәсібін қолға алғанның бірі – Ғамзат Иманмағамов. Ол Joltar жобасында интернет сауда бағдарламасы бойынша курстан өтіп, интернет-сауданың қыр-сырын үйренді.

– Елордадағы «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктінде кеңес алып, мемлекеттік қолдау шараларын пайдалануға өтінім бердім. Ұстазымыз курсты өте керемет өткізді. Сабақтан соң ой туып, үйдегілерге интернет

арқылы сауда жасауға болатынын айттым. Бүгінде Қытайдан тапсырыс жасап, тауар тосып отырмыз. Тауарымыз келгеннен кейін маркетплейске шығамыз деген жоспарымыз бар. Осылайша интернет-сауданың қыр-сырын үйрендік. Осындай мүмкіндіктің көзін нұсқап, табыс табудың жолын көрсеткен жобаға, ұстазыма айтар алғысым шексіз. Алдағы күнде отбасымызбен ойлаған ісімізді жүзеге асырамыз деген сенімдемін, – деді жоба қатысушысы.

28 жастағы қала тұрғыны Нұрсұлтан Телтаев Joltar жобасына дейін аспаз болып жұмыс істеп, табыс тапқан. Аяқ астынан денсаулығы сыр беріп, жұмысын ауыстыруға тура келген соң, танысының айтуымен модульдік пунктке келіп, жоба аясында «мобилография» курсын оқып, бүгінде жаңа мамандықты меңгеріп алғанын айтты.

– Мобилографияны меңгермей тұрып, 6 жыл бойы аспаз болып жұмыс істедім. Сол

уақытта да видео түсіруге деген қызығушылығым болды. Ал нарықта оған үйрететін курстар айына 300-350 мыңнан басталады. Бірақ ондай мүмкіндігім болған жоқ. Кейін денсаулығым баиланысты жұмыс орнына ауыстыруға тура келді. Осылайша қала көшелерінде орналасқан пункттердің біріне кіріп, 14 мамандықтың ішінен «мобилография» курсын таңдадым. Оқуымды аяқтаған соң 11 күн ішінде смартфон арқылы сәнді фото мен видео түсіруді және оны монтаждап, дайын контент жасауды үйрендім. Курсты тәмамдағаным 1 айдан аса уақыт өтсе де, 4 жоба бойынша жұмыс істеп үлгердім. Курс барысында бастапқы мобилограф маманына қажет барлық керек-жарақ түрлері туралы толық мағлұмат алдым. Оқытушымыз осы саланың мықты маманы екен, көп нәрсені үйретті. Оқу аяқталғаннан кейін сертификат берілді. Мен бірден тапсырыс алып, мобилограф ретінде табыс таба бастадым. Мәселен, курсты бітіргенім 1,5 ай болып қалды. Осы аралықта 4 жобадан ұсыныс түсіп, жалпы 500 мың теңгеден аса табыс таптым. Автоүйіммен мен бизнес-форумдарда видео түсірдім. Осы қысқа аралықта мобилография саласы арқылы түрлі адаммен таныстым. Қазіргі таңда жастардың жұмысқа орналасуы проблемаға айналып кетті деуге болады. Сол себепті Joltar жобасы халыққа нағыз керек жоба деп санаймын. Қаламызда жұмысқа орналасуға мүмкіндік беретін осындай жоба турал білмейтіндер бар. Өзім әрқашан таныстарыма Joltar жобасының мүмкінді-

гі жайлы айтып жүремін. Жоба ұйымдастырушыларына алғысымды білдіремін, – деді Нұрсұлтан Телтаев.

Мүмкіндікті пайдаланып, жаңа кәсіп меңгергеннің бірі – 50 жастағы Әсия Шертаева. Ол жоғары оқу орнын экономист-қаржыгер мамандығы бойынша бітірген. Алайда отбасы жағдайымен өз мамандығы бойынша жұмыс істей алмағандықтан, қоғамдық тамақтандыру бағытында жұмыс істеген. Жоба туралы ол «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункт арқылы кездейсоқ білгенін айтты.

– Қоғамдық тамақтану саласында жұмыс істеп жүрген уақытыма өз ойымды және өмірге деген көзқарасымды өзгерткім келді. Сатушы-кассир саласын меңгеріп, басқа жаққа өзгеремін деп ойладым. Кешке үйге келгенде келініммен сөйлескен соң, сатушы-кассир ретінде бірге оқуды және болашақта өз бизнесімізді ашу туралы ойға тоқталдық. Осылайша біз модульдік пунктке қайта барып, сатушы-кассир бойынша бір апталық оқуға жазылдық. Көп адам сатушы-кассирдің жұмысы оңай деп ойлайды, бірақ олай емес. Оқытудың өзіндік әдістемесі мен белгілі бір теориясы бар. Жаңа нәрсені үйрену қашанда маңызды, өйткені біз әлі көп нәрсені білмейміз. Осындай мүмкіндік үшін Joltar бағдарламасын ұйымдастырушыларға алғыс айтқым келеді. Қазір таныстарымның бәріне «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункт туралы айтып, қысқамерзімді оқыту курсынан өтуге кеңес беремін, – деді Әсия Шертаева.



БЮДЖЕТТІ ЖОСПАРЛАҒАНДА НЕГЕ КӨҢІЛ БӨЛУ КЕРЕК?



Жақында Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында елорданың 2023 жылға арналған бюджетінің атқарылуы туралы бұған жауапты жергілікті атқарушы органдарының есебі тыңдалды. Бұл жөнінде отырыста тиісті қорытынды жасаған қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай АДАМБЕКПЕН сұхбаттастық.

– Кендебай Сарыбайұлы, қаланың былтырғы бюджетінің орындалуына қатысты өзіңіз жетекшілік ететін комиссия қандай қорытынды шығарды? Жалпы бұған берген бағаларыңыз қандай?

– Астана қаласының 2023 жылға арналған бюджетін орындау көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда жақсарып, 99,5 пайызға жеткенін атап өту керек. Алдыңғы жылы бұл көрсеткіш 98,3 пайыз болған еді. Астана қаласын дамыту жоспарындағы 106 нысаналы индикатордың 71-і немесе 67 пайызы орындалды.

Жалпы өнеркәсіп көлемінің төмендеуі, сыртқы инвестициялардың мардымсыз үлесі, инфляцияның жоғары деңгейі, өмір сүру деңгейінің бәсеңдеуі сияқты экономикалық факторларға қарамастан, 2023 жылғы бюджеттің атқарылуы оң нәтиже көрсетті. Бюджеттің едәуір бөлігі әлеуметтік мәселелерді шешуге, қаланы абаттандыруға, энергетикалық, коммуналдық, көлік инфрақұрылымын дамытуға және азаматтардың қауіпсіздігін арттыруға бағытталды. Бұған қоса, бюджеттің негізгі қаражаты қаланы дамыту жоспарының іс-шараларын, инвестициялық жобаларды іске асыруға арналды. Бұл елорда экономикасының өсуі мен бәсекеге қабілетін қамтамасыз етуге ықпал етті. Елорданың бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің қызметі, тұтастай алғанда, қаланы дамыту жоспарына сәйкес жүзеге асты.

– Бюджетті орындауда қандай жүйелі мәселелер бар?

– Бюджетті атқаруда бұрын орын алған кейбір мәселелер жылдан-жылға түзелмей келе жатыр. Мәселен, атқарушы органдарда әкімшілендіру мен ведомствоаралық өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі әлі бар. Соның салдарынан бюджеттік инвестициялық жобаларды және әкімшілердің ағымдағы шығысын іске асыру бойынша кідіріс, бюджет қаражатын қайтару, квазимемлекеттік сектор шоттарындағы қалдықтар сияқты жүйелі кемшіліктерге жол беріледі. 2023 жылы қала бюджетінің шығыс бөлігі 5 рет нақтыланып, 18 рет түзетілді. Бұл бюджеттің кірісі мен шығысын тиімсіз жоспарлауды көрсетеді. Инвестициялық жобалардың бекітілген тізіміне бірнеше рет өзгеріс пен толықтыру енгізілді. Тізімге бюджетті бекіту кезінде қаржы көзделмеген жобалар енген. Ал бюджетті нақтылау кезінде оларды іске асыруға қаражат бөлінген. Бұл тиімділігі төмен және дәйекті емес жоспарлауды көрсетеді.

– Былтырғы бюджет қаржысын қандай мемлекеттік мекемелер игермеген?

– Бюджет қаржысын игермеуде ең көп қаржы өткен жылдардағыдай Отын-энергетика

кешені және коммуналдық шаруашылық, Құрылыс, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармаларының үлесінде. Дебиторлық берешек 2022 жылмен салыстырғанда 60 пайызға өсті. Өткен жылдардағы қарыз 28 пайызды құрайды.

Бюджет қаражатын тиімді пайдалану мақсатында бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік өтінімдерге есеп айырысудың дұрыстығын қамтамасыз етуі керек. Мәселен, Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының тексерісі мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы бюджеттік бағдарламаларды іске асырудың тиімділігіне назар аударды. Астана аудандары әкімдерінің аппараттарына бөлінген бюджет қаражатын пайдалануға қатысты жүргізген мемлекеттік аудиті Білім басқармасының нормативтік жан басына шаққандағы қаржыландыруды есептеу кезінде оқушы орындарының саны қайталанатынын, заңды тұлға ретінде есептелмейтін объектілерді ұстауға қатысты қаржысы, жекелеген лауазымдар қажетсіз жоспарланатынын, басқа да мәселелерді көрсетті. Аудан әкімдіктері іс жүзінде шаруашылық бойынша есепке алуды жүзеге асырмайды, бұл – елеулі кемшілік. Көгалдандыру шаралары бекітілген жоспарсыз, жасыл желектерді орналастыру құжатынсыз, аумақтарды жинау шекараларын белгілеусіз басқа да кемшіліктерге жол беріліп жүргізіледі. Сондай-ақ бюджетті орындауда кемшіліктер бюджеттік бағдарламалардың басқа әкімшілері бойынша да анықталды. Мұндай жағдай бюджет қаражатын пайдалану тиімділігіне теріс әсер етеді. Қаланы дамыту жоспарында үш ауысымды мектептің болуы және оқушы орындарының тапшылығы бойынша проблемаларды шешуге бағытталған нысаналы индикатор көзделмеген. Бұл – бүгінгі таңда қаланың басты проблемаларының бірі.

– Бюджетті орындауды жақсарту бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

– Біздің комиссия тарапынан жергілікті атқарушы органға және бюджеттік бағдарламалар

әкімшілеріне келесі ұсыныстар айтылды:

1) жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту есебінен түсімдердің республикалық бюджетке тәуелділігін төмендету;

2) инвесторларды тарту үшін елорданың әлеуетін пайдалана отырып, жұмысты күшейту, сыртқы инвестицияларды тарту жөнінде шаралар қабылдау;

3) бюджеттік заңнама мен мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтай отырып, бюджеттік бағдарламаларда көзделген мақсаттарға қол жеткізе отырып, бюджеттік бағдарламаларды сапалы және тиімді іске асыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау;

4) шығыстар бойынша бюджетті жоспарлау сатысында тікелей көрсеткіштерді негізге ала отырып, түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу қажетін ескере отырып, стратегиялық және бюджеттік жоспарлаудың өзара байланысын арттыру, сондай-ақ бюджеттік даму бағдарламалары бойынша тиімділігі төмен жобаларды қоспағанда іске асырудың дәйектілігін қамтамасыз ету;

5) ведомстволық бағынысты ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің жүргізілуін бақылауды қамтамасыз ету;

6) квазимемлекеттік сектор субъектілерінің оларға бөлінген ақшалай қаражатты игеруіне бақылауды және тиісті мониторингті қамтамасыз ету;

7) бухгалтерлік және бюджеттік пәндерді, соның ішінде дебиторлық және кредиторлық берешекті төмендету жөніндегі іс-шараларды сапалы орындау жөнінде шаралар қабылдау;

8) бюджеттік процеске қатысушылардың аудиторлық шаралардың қорытындылары бойынша анықталған жүйелі бұзушылықтар мен кемшіліктерді одан әрі жоюды және оларға жол бермеу.

Астана қаласының Энергетика, Коммуналдық шаруашылық, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, Құрылыс басқармаларына бюджет қаражатын уақытылы, сапалы және тиімді игеруді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау; проблемалық

дебиторлық берешекті өндіріп алу бойынша дебиторлық берешек көлемін қысқартуды және талап-арыз жұмысын жүргізуді қамтамасыз ету; тоқтатылған жобаларды аяқтау және пайдалануға берілген жобаларды уақытылы коммуналдық меншікке беру жөнінде шаралар қабылдау; бюджетті бекіту және түзету кезінде, сондай-ақ бюджет қаражатын барынша игеруді қамтамасыз етуді ескере отырып, оларды инвестициялық жобалардың бекітілген тізіміне негізсіз енгізу және алып тастау практикасына жол бермеу мақсатында қаланы дамыту үшін олардың басымдығын ескере отырып, бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруды жоспарлауды жүзеге асыру ұсынылды. Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне жергілікті бюджетке салықтар мен алымдар түсімінің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында салық салынатын базаны кеңейту және берешекті өндіріп алу үшін олардың резервтерді іздеу жөнінде барлық қажетті шараны қабылдауды ұсындық. Жергілікті атқарушы органдар, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері берешекті қайтару бойынша мақсатты және табанды жұмыс жүргізуі керек. Нақты табыс әкелетін салаларға, атап айтқанда, өңдеу өнеркәсібі мен саудаға мұқият көңіл бөлгені жөн. Алдыңғы кезеңдердегі динамиканы ескере отырып, салықтық емес кірістерді толықтырудың тиімділігін арттыру қажет. Қысқа уақытта квазисектор субъектілеріне бөлініп, игерілмеген едәуір қаржыны бағыттау нысанын анықтау керек. Қажет кезде қалалық мәслихаттың көмегімен тиісті заңнамаға өзгерістер енгізу қажет. Бұған қоса, дебиторлық және кредиторлық берешекті азайту жұмысын белсенді жүргізу керек. Жалпы алғанда, бюджет қаражатын тиімді пайдалану және оны қала халқының өмір сүру деңгейін арттыруға бағыттау жөнінде барлық шара қабылдау қажет.

Сұхбаттасқан
Аманғали ҚАЛЖАНОВ



ТҰРҒЫНДАРМЕН ЖИИ КЕЗДЕSEMІЗ

Биыл – Астана қаласының жергілікті бірпалаталы заң шығарушы органы Астана қаласының мәслихатына 30 жыл. Елге қызметті абыройлы атқарған халық қалаулылары аз емес. Соның бірі – Астана қаласы мәслихатының VIII шақырылымының депутаты, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның директоры Ерлан ДӘКЕНОВ.



Ерлан Ерғазыұлы – Астана қаласы мәслихатының VII, VIII сайланымының депутаты, Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары.

Халық қалаулыларының қоғамдағы рөлі туралы Ерлан Дәкенов былай деп әңгімелеп берді.

– Биыл – барлық деңгейдегі мәслихаттар үшін мерейтойлық жыл, мәслихатқа – 30 жыл. Депутат болу, әрине, үлкен міндет. Ал халық сенімін ақтау, шешім табу, айтқаныңды орындау зор жауапкершілік жүктейді. Қоғамның үнін тыңдап, қоғамның өзекті мәселелерін тыңдап жүргендіктен, Сарыарқа ауданынан депутат болып сайландым. Партияшылық праймеризде бағымды сынап көріп қатысып едім, нәтижесінде алғашқы депутаттың бірі ретінде сайлаушыларым мені таңдады. Сарыарқа ауданына қарасты Агроқалашық аумағында тұрғындармен кездесіп, түрлі мәселені шешуге тырыстым. Аудандағы гүлбақтар (сквер), жаяу жүргіншілер жолы (тротуар), түрлі үйірме, тағы басқа мәселелерін шешіп жүріп, тұрғындар талап-тілегін орындай отырып, тәжірибе жинақтадым. Халықтың көңілінен шығу – парыз, алғыс алу жігерлендіреді, сондықтан қызмет барысында түрлі мәдени іс-шараға атсалыстым. Сондай-ақ әлеуметтік мәселелер маңызды. Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасының орынбасары болғандықтан, тұрғындар мәселесіне жіті көңіл бөлдік. Әрине, келушілер аз емес, көбіне алдыға жағдайы төмен отбасылар, баспа-

на мәселесіне қатысты жанайқаймен келетін адамдар бар. Шешімін табатын мәселелер де бар, қиындық туғызатын да проблемалар жетерлік. Ондайда депутаттық сауал жолдап, шешуге тырысамыз. Мүгедек жандар арбасына қатысты мәселелер, инвентар, пандус, автобустардың арбадағы мүмкіндігі шектеулі жандарды аймай кеткен қолайсыз жағдайлары, газ, су, азық-түлік мәселесі, тағы басқа өзекті проблемалармен келетін тұрғындардың талап-тілегін тыңдап, барынша көмек береміз. Мектептерге қатысты да сұрақ көп. Жол картасы бойынша, жоспарға сәйкес, алдағы уақытта оқу орындары салынып жатқанын түсіндіріп өтеміз. Кей әлеуметтік нысандар, ғимараттарға бөлінген қаржыны кешілетіндерге, я басқалай себептеріне байланысты себептерін түсіндіріп жатамыз, қолдан келгенше тұрғындар өтінішін құлақ асамыз. Филармонияның директоры ретінде 13 өнер ұжымы, гастрольдік сапары, түрлі ұйымдастыру мәселесімен қоса депутаттық қызметті атқару үлкен жауапкершілік, тәжірибе жинақтау деп айтар едім. Астана қаласы мен үшін ыстық. Қаланың салынып жатқаны, көркейгені – бәрі көз алдымда. Елордада сонау 1994 жылдан бері тұрамын. Ақмоладан бастау алып, халықаралық деңгейдегі әсем қалаға айналғанына, жайқалып өскеніне қатты қуанамын. Астана – жастардың қаласы, мол мүмкіндіктер алаңы. Кәсіби қызметімді осындай халыққа қажетті қоғамдық қызметпен ұштастырғаныма қуаныштымын, – дейді Ерлан Ерғазыұлы.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

– Владимир Викторович, сәби сүйісі келген ата-анаға қуаныш сыйлап жүрген жансыз. Жалпы, құтыдағы баланы құрсаққа салып беру процесі қалай жүреді?

– Эко процедура, негізінен, 6 кезең бойынша жүргізіледі. Бірінші кезеңде аналық безді гормоналды стимуляторлармен бірнеше жұмыртқаның жетілуін ынталандырамыз. Яғни, 6-дан 15-ке дейін жұмыртқаның жетілуі жеткілікті. Екінші кезең аналық безден жұмыртқа алу, бұл аналық бездердің трансвагинальды пункциясына операция жасау арқылы жасалады. Ал үшінші кезеңде жұмыртқаны ұрықтандырамыз. Ол классикалық немесе ICSI әдісімен жасалады. Төртінші кезеңде белгілі бір температуралық режимде арнайы инкубаторлар жағдайында эмбриондарды өсіреміз. Сонымен қатар, эмбриондарды іріктеу жүргізіледі. Оның сапасы жағынан ең жақсысы алынады. Соңғы бесінші кезең – эмбриондарды тасымалдау. Арнайы катетердің көмегімен таңдалған ең жақсы эмбриондар жатыр қуысына енгізіледі.

– Бағдарламаға шетелдіктер де қатыса ала ма?


– Соңғы 4 жылда ЭКО бағдарламалары тек Қазақстан азаматтарына ғана жүргізілді.

– Қолдан ұрықтандыру үшін әйелдің жасына шектеу бар ма?

– Ондай шектеу жоқ. Бірақ егде жастағы әйел денесінің функционалдық мүмкіндіктерінің төмендеуіне байланысты репродуктивті функциялар таусылады немесе жүктілік ана мен баланың денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін. Осы жағдайда ғана ЭКО процедурасынан бас тартылады.

– Еркек бедеу болса ұрық доноры көмекке келетіні белгілі. Қазіргі таңда донор қандай критерийлер бойынша таңдалады?

– Ұрық донорын жасырын немесе жасырын емес таңдауға болады. Оларға қойылатын талап Денсаулық туралы кодекстің 148-бабында айқындалған. Яғни, Қазақстан Республикасының он сегіз жасан отыз бес жасқа дейінгі, физикалық және психикалық сау, медициналық-генетикалық тексеруден өткен азаматтардың донор болуға құқы бар. Негізінен, жақын туыстары бұл – жыныс



Дүниежүзілік мамандардың зерттеуі бойынша әлемде бедеулік көрсеткіші жоғарылап барады. Әрбір бесінші және алтыншы отбасы осы мәселемен бетпе-бет кездеседі екен. Себебі адамдардың өмір сүру салты, тамақтануы, өмірде кездесетін түрлі жағдайлар (стресс, депрессия), экологияның нашарлауы және тағы басқа мәселелер тікелей әсер етеді. Дегенмен, медицина саласындағы жетістік бедеулік мәселесін қолдан ұрықтандыру арқылы шешуге мүмкіндік беруде. Осы ретте Ана мен бала ұлттық орталығының жоғарғы санатты репродуктолог дәрігері, «Репродуктивті денсаулық» бағдарламасының меңгерушісі Ким Владимир Викторовичпен әңгімелескен едік.

БОСАНҒАНҒА ДЕЙІН БАҚЫЛАЙМЫЗ

жасушаларының донорлығына ең жақсы үміткерлер.

– Осы салада қандай заманауи технологиялар сұранысқа ие?

– Қазір ЭКО әдісінің өзі бедеулікті емдеуде жоғары сұранысқа ие технология болып отыр. Қазіргі технологиялардың ішінде жыныс жасушалары мен эмбриондарға қатысты криотехнологияны қолдану кеңейді. Сондай-ақ эмбриондарды генетикалық тестілеу арқылы тұқым қуалайтын аурулары бар балалардың туылуын болдырмауға болады.

– Қолдан ұрықтандыру кезінде қандай асқынулар немесе қауіптер болуы мүмкін?

– ЭКО процедурасының ең қауіпті асқынуы – аналық бездің гиперстимуляция синдромы. Дегенмен, гиперстимуляцияның ауыр түрлерінің саны айтарлықтай төмендеді. Бұған заманауи гормоналды препараттарды қолдану, эко процесінде алынған барлық эмбриондарды криоконсервациялау, содан кейін ынталандырылған

аналық бездер азайған кезде осы эмбриондарды алыс циклдерге ауыстыру арқылы қол жеткізіледі.

Сондай-ақ бірнеше және эктопиялық жүктіліктің пайда болу қаупі бар. Мұндай жүктіліктің санын азайту үшін біз тек бір эмбрионды тасымалдауға және эмбрионды тасымалдау техникасын жетілдіруге тырысамыз.

– Әйелдерді осы процеске дайындау кезінде психологиялық қолдау бола ма?

– «Бедеулік» диагнозы ерлі-зайыптыларды созылмалы күйзеліске әкеп соқтырады. Сондықтан оларға кеңес беру және емдеу процесінде бақылау жүргізіледі. Егер психологиялық бұзылулар арнайы емдеуді қажет етсе, біз психотерапевттің көмегіне жүгінеміз.

– Қолдан ұрықтандыру кезінде



де этикалық және құқықтық аспектілер қандай, процедура барысында қаншалықты ескеріледі?

– Біздің елдегі көмекші репродуктивті технологиялардың барлық әдістері ресми түрде танылған және рұқсат етілген. Технологияларды қолдану халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі, неке және отбасы туралы кодекстермен, денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтарымен реттеледі.

– Алдағы уақытта ЭКО саласындағы технологияларды дамытудың болашағы қандай болуы мүмкін?

– Алдағы уақытта эмбриологияда эмбрионды стандартталған таңбалау, эмбриондардың генетикалық жіктелуі үшін жасанды интеллектті қолданады. Ал болашақта эмбриондарды имплантациялау және жасанды жатырды құру кезінде жатыр қуысында болатын процестерді білуге болады.

– Қазақстанда қолдан ұрықтандырудың құны басқа елдермен салыстырғанда қолжетімді деіді. Бұған қандай факторлар әсер етуі мүмкін?

– Әрине, төмен. Мұны басқа елдерге қарағанда медициналық қызметкерлердің жалақысының төмендігімен байланысты деуге болады.

– Әдетте ЭКО процедура-сына дайындалу, емдеудің өзі және бақылау қанша уақытты алады?

– Ерлі-зайыптыларды тексеруге және дайындауға стандартты түрде 1-2 ай кетеді. Ал шетелдік пациенттер үшін қашықтықтан кеңес беру әдістері қолжетімді. Егер олар тұрғылықты жері бойынша тексеруден өтсе, онда бізде 1 аймен шектеледі.

– ЭКО-ның сәтті өтуіне қаншалықты кепілдік бере аласыздар?

– Көптеген медициналық патологиялар сияқты, ЭКО процедурасы жүз пайыз кепілдік бере алмайды. Көбіне, теріс нәтижені болжай аламыз. Жалпы, біздің орталықта консультациялық-диагностикалық шаралардан бастап босануға дейін жоғары қызмет көрсетеді.

Бетті дайындаған
Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

БІР КҮНДІК КЛИНИКА

Іс-шараның мақсаты – репродуктивті денсаулықтың маңыздылығын арттыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Осы акция аясында ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі, Парламенті мәжілісінің депутаты, Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева, Астана медицина университетінің «Акушерлік және гинекология» кафедрасының меңгерушісі, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс акушер-гинекологы Зайтун Хамидуллина, елордалық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның бас инспекторы-хатшысы Қарлығаш Саркенова бастаған ханымдар №2 қалалық көпбейінді ауруханаға барды.

Айта кету керек, биыл 1 сәуірден бастап аталмыш аурухана базасындағы «Ұрықты қорғау орталығында» ұрықтың патологиясын уақытылы анықтау үшін елордада алғаш рет «Бір күндік клиника» жобасы есігін айқара ашты. «Клиника» жүкті әйелдерге бір күн ішінде бірінші триместрде перинаталдық скрининг жүргізудің жаңа бірегей тәсілін

ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және Астана қаласы әкімдігінің әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиясының бастамасымен 2024 жылғы 24-28 маусым аралығында елордада бүкіл республика бойынша репродуктивті денсаулық апталығы өтеді.



ұсынады. Осы күннен бастап жүкті әйелдер барлық қажетті қызметтерді бір күнде бір жерден ала алады. Бұл жүкті әйелге ультрадыбыстық жазбалардың, зертханалық тексеруге қан тапсырудың, салалық мамандарға және сол күні клиникаға барған кезде нәрестенің денсаулығы туралы толық білуге әрі уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Жоба аясында жүкті әйелдер биохимиялық және бірінші триместрдің ультрадыбыстық скринингін өте алады, қажет болған жағдайда генетиктен кеңес ала алады және мұның бәрі бір күнде және бір жерде жүргізіледі.

Жалпы ерлер мен әйелдердің репродуктивті денсаулығын сақтау үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттер еліміздің 2030 жылға дейін отбасылық және гендерлік саясаты дамыту тұжырымдамасында көрсетілген.

«Репродуктивті денсаулық апталығы жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының маңыздылығын, қажетсіз жүктілік пен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың алдын алу әдістерін, АИТВ-инфекциясы мен жыныстық жолмен берілетін инфекциялардың көбеюі және жатыр мойны обырын тудыратын адам папилломавирусының алдын алу қажеттілігі сияқты мәселелерді шешуге бағытталған. Апта аясында ақпараттық-ағарту іс-шаралары, денсаулық орталықтарында ашық есік

күндері, жасөспірімдерге арналған тегін медициналық тексерулер мен консультациялар ұйымдастырылады» деді Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы, бас инспектор Қарлығаш Саркенова.

Делегация мүшелері жасына және дағдыларына сәйкес ақпаратқа кең қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім беру ұйымдарында қауіпсіз жыныстық мінез-құлық, соның ішінде жыныстық өмірдің басталуын кейінге қалдыру мәселелері бойынша тегін кеңес беру қажеттігіне назар аударды. Сондай-ақ жатыр мойны обырының деңгейін төмендетуге мүмкіндік беретін ата-ананың келісімімен 11 жастағы қыздарға адам папилломавирусына қарсы вакцинация жұмыстарын жалғастыру назарда. Болашақта әйелдер жыныс мүшелерінің дамуындағы бұзылулар мен туа біткен ауытқуларды емдеу мақсатында, қыздар мен жасөспірімдерде репродуктивті функцияны уақтылы хирургиялық түзетуге және қалпына келтіруге бағытталған арнайы бағдарлама әзірлеу жоспарлануда.

Репродуктивті денсаулық апталығы – бұл репродуктивті денсаулық туралы сенімді ақпарат алудың, білікті мамандарға сұрақтар қоюдың, скринингтен өтудің және салауатты болашаққа қадам басудың бірегей мүмкіндігі.

ЖҰРТЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ЖҰП

Полиция қызметкерінің ішкі өмірлері тұңғық та жұмбақ болып сезіледі. Алайда қызметтік формасын киіп, қашанда әр қадамын аңдып басатын бұл саланың мамандары сырт көзге қатыгез көрінгенімен, олар да – жылы жүрек пен нәзік сезімнің иесі. Сақшылардың да отбасы, бала-шағасы бар. Бір шаңырақ астында, бір қызмет саласында да бірге жүріп, «Отан отбасынан басталады» деген қағиданы қатаң ұстанып, жұп болып жұртқа қызмет етіп жүрген тәртіп сақшыларының қатарында Мұқұшевтар отбасын айрықша атап өтуге болады.



Шапағат ӘБДІР

Аталған отбасының отағасы болып отырған Ринат Серікұлы, 1987 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Бурабай ауылында дүниеге келген. Ол өзінің балалығы туралы айтқанда, ауыл туралы еске алмау мүмкін еместігін айтады. Сонымен қатар ол өзінің оқушы күннен алғыр болғанын да жасырмады.

– Мен 1994 жылы Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы Бурабай ауылында орналасқан Бурабай орта мектебіне 1-сыныпқа оқуға түсіп, 3 сыныпқа дейін сонда оқыдым. 1997 жылы отбасылық жағдайға байланысты Лениногорск қаласына көшіп, сол жердегі №15 орта мектебінде оқуымды жалғастырдым. 2003 жылы жоғарыда аталған мектепті бітіріп, сол жылы орта білім алу мақсатында Риддер қаласындағы кәсіптік-техникалық мектептің 7-бастауыш кәсіптік

оқыту орталығына оқуға түстім. 2007 жылы Риддер қаласының қалалық әскери комиссариаты Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне мерзімді қызметке шақырылып, Зайсан қаласында бір жыл әскери міндетімді өтедім. 2009 жылы аталған қаладағы Нұрғалиев атындағы Гуманитарлық колледже оқуға түсіп, 2011 жылы осы колледжді Құқықтану мамандығы бойынша бітірдім. Сол жылы Қазақстан – Америка еркін университетіне, заң факультетіне сырттай оқуға қабылданып, 2014 жылы аталған университетті тәмамдап, 2008 жылдан бастап Риддер қаласының полиция департаментінде, 2023 жылдың қаңтар айынан бастап Астана қаласы ПД Полиция басқармасы Жедел-криминалистикалық бөлімінде қызмет атқарып келемін, – деп өз өмірін жіпке тізгендей қылып айтып берген ол қазіргі кезде халықтың полиция қызметкерлеріне деген сенімін нығайту жолында жұмыс істеп

келе жатқанын айтады.

– Негізі халық бізді басқаша ойлайды. Шын мәнінде біз де адамбыз. Мысалы, менің де туыс-туғандарым, көршілерім бар. Мен өзім соларға жақсы қарым-қатынас пен үлгі көрсету арқылы полицияның ел алдындағы абырой бет-беделін көтеруге жұмыс жасап жүрмін деп ойлаймын. Өйткені «ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген Әлихан Бөкейхановтың сөзі бар. Полицейлер, ең бірінші, халыққа сол мінезі арқылы қызмет етіп бастай білуі керек деп ойлаймын, – дейді ол.

Әрине, «мықты жігіттің артында жақсы әйел тұрады» демекші, Мұқұшевтар отбасының ошағының отын өшірмей, берекесін кіргізіп отырған Ринаттың аулы жары Рабиға Еркебайқызы да полиция қызметкері болып жұмыс істейді.

Жалпы ерлі-зайыптылардың екеуі де құқық қорғау органдарында 18 жылдан астам қызмет етіп келеді. Олар 2010 жылы

Шығыс Қазақстан облысының Риддер қаласында қызметте жүріп танысқан. Алғашқы таныстықтарын есіне алған Рабиға Мұқұшева күйеуінің батылдығы мен сыйайлылығына тәнті болғанын айтады.

– Қыз бала үшін ең әуелі өзіне қорған керек. Әрине, менде полиция қызметкері болғаныммен, табиғатым бәрібір нәзіктіктен жаралған. Сондықтан да мен Ринатты көргенде бірінші өзіме қорған, отбасыма тіреу болатын азамат екенін сезіндім. Бірақ біз де бірден қол ұстасып кеткен махаббат болған жоқ. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деп аталарымыз айтпақшы, Ринат екеуіміз болашақ тағдырымызды қосу жолында көп ойландық. Ақыры бір-бірімізге сүйеу бола алатынымызға сенген кезден бастап бас құрауға бел будық. Қазіргі таңда екі баламыз бар. Бақытты отбасымыз. Ер азамат өз мойнындағы отбасына деген жауапкершілігін толықтай сезінген кезде үйде береке болады деп есептеймін. Ал Ринат маған адал жар, балаларыма жақсы әке бола білді. Мен оның бойындағы қазақы қасиеті мен ер-жігітке тән мінезін құрметтеймін, – дейді Рабиға Еркебайқызы.

Иә, аққу мен қаздай, жұптарын жазбай жүрген қос полиция үшін әрбір күн махаббат, әрбір минут естелік. Рабиға өзінің отбасы туралы ойын айта келе, шаңырақты шайқалтпай ұстаудың сыры неде екендігіне де тоқталды.

– Берік отбасын құрып, оны ұстап тұрудың сыры – ыстық махаббат пен адал сенімде. Біз әдетте отбасының берекесі, сол үйдегі сүйіспеншілікке байланысты деп жатамыз. Меніңше, адамдар да сүйіспеншілік болмаса үйленбес еді. Сондықтан шаңырақ көтерген жастарға сүйіспеншіліктен басқа, төзімділік пен кешірімділік де ауадай қажет. Екі адам бірін-бірі тығырыққа тіремей түсінген кезде ғана ол отбасында бақыттың саулесі жарқырай түседі, – дейді ол.

Шынында да бақыт қажырлықпен қайраты тоғысқан екі адамның есігінен ғана қарайтыны анық. Сондықтан да домбыраның қос ішегіңдей, түйенің екі өркешіндей болып өмір мен тұрмысты, мамандық пен жұмысты бірге алып жүрген Ринат пен Рабиғадай жандар қашанда елдің елеулісі, халықтың қалаулысы бола бергей.



АЙНҰРДЫҢ АСҚАҚ АРМАНЫ

Айнұр Байгеленова – ерлік пен табандылықтың айқын үлгісі. Ол полиция қызметкері болумен қатар, кикбоксингтен спорттық жарыстарға қатысып бірнеше рет жүлдегер атанған.

Бала кезінен тергеуші болуды армандаған Айнұр Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы Ақжар ауылында дүниеге келді. Бала кезінен оқуда да, спортта да алғыр болған ол, мектеп бітірген соң, Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне заңгерлік білім алу мақсатында оқуға түскен. Өмір жолын университет қабырғасында жалғастырған қызымыз тек оқуда ғана емес, спортта да жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, оқу барысында кикбоксинг түрін таңдаған. Жаны сүйген бұл спорт түрін таңдаған сәттен өзін осы бағытқа да шындайды. Ерінбей жасаған еңбектің нәтижесінде аймақтық, қалалық және халықаралық жарыстарда қатысып, жеңіс жүлделеріне ие болды.

Оқуды үздік тәмамдаған соң, Айнұр Байгеленова ШҚО Глубокий ауданының ПД басқармасында тергеуші болып жұмысқа тұрады. Ал 2011 жылы Астана қаласының ПД Есіл ауданына

ауысып, тергеуші қызметін жалғастырған. Қызмет барысында оның спорттық дайындығы физикалық және психологиялық тұрғыдан аса маңызға ие.

Білім жолын тоқтатпай 2014-2016 жылдары М.Есболатов атындағы Алматы қаласының ҚР ІІМ Академиясында магистратурада, 2020-2023 жылдар аралығында ҚР Бас прокуратурасының университет қабырғасында жалғастырған қызымыз тек оқуда ғана емес, спортта да жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, оқу барысында кикбоксинг түрін таңдаған.

Жаны сүйген бұл спорт түрін таңдаған сәттен өзін осы бағытқа да шындайды. Ерінбей жасаған еңбектің нәтижесінде аймақтық, қалалық және халықаралық жарыстарда қатысып, жеңіс жүлделеріне ие болды. Оқуды үздік тәмамдаған соң, Айнұр Байгеленова ШҚО Глубокий ауданының ПД басқармасында тергеуші болып жұмысқа тұрады. Ал 2011 жылы Астана қаласының ПД Есіл ауданына

ҚАЙСАРЛЫҚ ҚАЖЕТ ҚЫЗМЕТ

Сарыарқа аудандық Полиция басқармасы криминалдық полиция бөлімі бастығының орынбасары Нұрсұлтан Рахымжанов – еңбек жолын құқық қорғау органдарында қызмет етуге арнаған азамат. Қазіргі күнде криминалдық полиция бөлімінде негізгі қызметтердің бірін атқаруда.

Өзінің туған жері мен қоғамының игілігі үшін қызмет ету екенін бала кезінен мықтап түйген ол мектептен кейін Ішкі істер министрлігінің академиясына түсіп, қайсарлық пен табандылық танытты. Академиядағы білім оның өміріндегі маңызды кезең болды, оның болашақ қызметінің негізін қалады. Оның мансабы көптеген сәтті зерттеулерге толы, олардың әрқайсысы өз ізін қалдырды. Нұрсұлтан есінде қалған істердің бірі – алда арқылы жасалған ұрлықтардың тізбегін тергеу. Дегенмен, ол келіп түскен әрбір өтініш бірегей екенін және әрқайсысы ерекше жауапкершілік пен назар аударуды талап ететінін атап өтеді.

«Мен және менің командам тәулік бойы жұмыс істеуге дайынбыз. Ішкі істер органдарында табысты қызмет ету үшін тек кәсіби шеберлік ғана емес, адамгершілік, адалдық, зейінділік, бірлесіп жұмыс істей білу сияқты қасиеттер қажет екеніне сенімді. Жұмыс кестесінің тығыздығына қарамастан Нұрсұлтан отбасына және хоббиіне бос уақыт табуға тырысады. Ол үшін барлығына уақытын арнай отырып, мұндай сирек сәттерді тиімді және нәтижелі өткізу маңызды. Балалармен спортпен айналысу, саябақта серуендеу, отбасылық түскі ас – мұның бәрі оған жаңа жетістіктерге күш-қуат алуға көмектеседі.



Әбдірахым Нұрмухамед – Түркістан облысы Сарыағаш ауданы, Ынтымақ ауылында дүниеге келген. Оның балалық шағы табиғат аясында, қарапайым ауыл өмірімен өткен. Бала кезінен спортқа деген қызығушылығы да ерекше болды.

ЖЕҢІСТІҢ ЖЕТІСТІГІ

Нұрмухамед ауыл мектебінде оқып жүріп түрлі жарыстарға қатысты. Бірақ, уақыт өте келе джиу-джитсуға көңіл бөліп, осы спорт түрін терең меңгеруге бел буды. Оның еңбекқорлығы мен табандылығы көптеген жарыстарға қатысуға ынталандырды. Ең үлкен жетістіктерінің бірі – 2017 жылы джиу-джитсудан жасөспірімдер мен жастар арасында өткен ҚР чемпионатында 3-орынды иеленуі. Бұл жеңіс оның спортқа деген қажырлы еңбегінің нәтижесі болды.

Спорттан бөлек, Әбдірахым Нұрмухамед бала кезінен полиция қызметкері болуды да армандаған. «Елге қызмет ету – әрбір ер адамның міндеті» деген қағиданы ұстанған ол, бүгінде полиция аға лейтенанты болып, Астана қаласы ПД Нұра ауданының криминалдық полиция бөлімінде жедел уәкілі қызметін атқарады. Оның міндеті – қылмыспен күресу және азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Бүгін Әбдірахым Нұрмухамед үшін спорт жай ғана хобби емес, өмірінің маңызды бөлігіне айналды. «Спорт – мен үшін сенімділік пен ерік-жігердің қайнар көзі. Спортпен шұғылданған әр азамат әрқашан өзіне сенімді, байсалды болып жүреді, жұмысқа да оң пайдасын береді» дейді ол.



Енді Мағжанның «Шолпанына» байланысты не тапты екен? Алдын ала айтып қояйын, цензор, шығыстанушы, профессор Н.Катанов – қазақшаға жүйрік, сөз қадірін білетін, астарлы ойларды да аңғарымпаз маман. Ақындықтан да құр алақан емес. Күдікті-ау деген жолдар мен шумақтарды ұғынықты етіп, жолма-жол орысшаға аударып бере алған. Жақша ішіне кейбір сөздердің астарлы мағынасын да ашып көрсеткен.

Мысалы, Мағжанның 1912 жинағындағы «Жатыр...» деген өлеңнен:

Кең жері күннен-күнге құрып жатыр,
Сұр жылан қанын-сөлін сорып жатыр... деген екі жол орысшаға былай аударылған: Широкая земля (казака) что ни день, гибнет
А черная змея всю кровь его (казака) сосет. немесе,
Кешегі шешек жарған қазақ гүлі Сарғайып, бір су тимей солып жатыр.
Мінекей, қазақ солай бітіп жатыр.
Күн сайын артқа қарай кетіп жатыр.

Орысшасы:

Вчера был цветок – казак во цвете,
А теперь он без воды пожелтел.
Так, маленький казак погибает: Все время назад, назад шагает, Не чувствуя, что он так умирает.

«Сорлы қазақ» деп аталатын екінші өлеңнен үкімет саясатына қарсы үгіт салқыны бар-ау деп цензордың үзіп алынған шумақтары:

Сорлы қазақ жаны алқымға тығылып,
Қара күн кеп, тіккен туы жығылып,
Алға баспай, барлық ісі кері кетіп,
Нәр тата алмай, күшсіз, әлсіз бүгіліп,
Оқу-білім жақындатпай, жолатпай,
Қырын қарап, қазақ ісін ұнатпай,
Пыр-пыр ұйықтап сорлы қазақ тек жатыр.

Қанды көзбен екі көзін шылатпай...
Қоғал, қазақ, білім іздер кез келді!..
Қылыш алып, «надандық» саған кез келді...
Байғұс қазақ бас көтеріп тұрар ма?
Көңілі түсіп, білімге мойын бұрар ма?
Күні туып, оңынан – Күн, солдан – Ай,
Оқуменен жайнатып дүкен құрар ма?

Осы шумақтар да орысшаға жолма-жол аударылып тіркеліпті. (Орысшасы қазіргі қазаққа тансық емес қой, келтірмей-ақ қояйық. - З.Т.) Ал енді, бір ғажайып, осынау өлең жолдарында азуын айға білеген Ресей империясына қауіп төндірер қандай қатер бар? Ақынның бар жазығы – туған елінің жаңа экономикалық, қоғамдық қатынастарға бейімделуін тілегені, оқу-білімге үндегені.

Бірақ, «тырнақ астынан кір» іздегендер, әйтеуір сақтық жасап: «қазақтың жаны алқымға тығылды», «қара күн келді», «тіккен туы жығылды», «барлық ісі кері кетті», «басын көтере алар ма?» деген сөздерден қайдағы бір қаскөйлік ниет таныған. Қазақ халқының әкімшілік билеуші патшалық жүйеге қарсы қарулы көтеріліске шақыру деп түсінген. «Қорыққан бұрын жұдырықтайды» дегенге сайып, кімнің де аузын ашырмақса бет алған.

Жер кетті, жаның кетті,
қам жемедің,
Құл болдың қара табан енді малсыз...

Қарағым, арыстаным,
қайратты ерім,
Тұрдың ба қару қылмай,
құр амалсыз? – деп шырқыраған жас ақынның жан дауысы қалың қазақты оятап, тарихтан өзіне лайық орын іздеуге бастағандық еді. Мұны тыңшылар, обалы қанша, жақсы байқаған. Ақынның саяси көзқарасы теріс деген тұжырымға келген. Оның құдіретті жырларынан сескенген.

Міржақыптың «Оян, қазағын!»



МАҒЖАН НЕГЕ ҚУДАЛАНДЫ?

Мағжан ақынның алғашқы өлеңнен құрастырылған жинағы 1912 жылы «Шолпан» деген атпен, көлемі 50 бет болып Қазан қаласында жарық көрді. Қазан университетінің профессоры, тегі хакас Николай Катанов бастаған цензорлар тобы қазақ тілінде шыққан әрбір кітапты тексеріп, орыс мемлекетінің отаршылдық саясатына қарсы-ау деген пікірлерді Петербургке жіберіп отырған. Әрине, іздеген соң, тапқан. Өлеңдерден кесек-кесек үзінділер алып, олардың астарындағы ойларды ашып, тіпті асқындырып дейікші, орысшаға аударған. Дәлірек айтсақ, нағыз саяси тыңшылық. Ішкі істер министрлігінің баспасөз басқармасы сол аудармаларды Қазандағы жандарм орындарына жіберіп, тиісті кітаптарды таратпау және авторларын қуғындау туралы нұсқау беретін.

бесігінде тұншықтырмақ болып, сан түрлі қиянат жолын іздеген отаршыл билік мына өлеңдері үшін Дулатовтың шәкірті Мағжанды да нысанаға алған. «Шолпанның» таралуына тыйым салынып, автордың соңына жансыз әкімшілік бақылау қойылған. Сәбит Мұқанов: «...Мағжанның ақындығын қозғауға екінші себеп – Міржақып болуы керек» дегенді не пиғылмен айтса да, негізсіз емес. Және осы пікірдің дәлелі ретінде Мағжан Міржақып ағасының түрмеге қамалуына, түрмеден босанып шығуына байланысты бірнеше өлеңдер жазды. Әлихан Бөкейхан бастаған алашшыл зиялы қауымның азаттық күресіне саналы түрде қосылып, Алашорда үкіметінің шаңырағын көтерісіп, уығын қадасты. Кейін, Кеңес дәуірінде де «Оян, қазақтың» авторына жағылған күйе, оның шәкіртіне де кінә болып тағылған.

Міне, Мағжанның күрескер ретінде танылуы осыдан басталды. Ол 1917 жылғы ақпанда орыс патшасы өз еркімен тағын тастағаннан кейін орнына жаңа үкімет келуін қолдады, қазаққа жақсылық келетініне сенді. Алайда мемлекет билігін заңсыз басып алған Ленин бастаған большевиктер де орыс емес халықтарға жайлы бола қоймайтынын, қайран ақын, түсінген жоқ еді...

1919 жылы Казревком құрылып, 1920 жылғы 20 тамызда автономия дәрежесі беріліп, қазақтың ұлттық мемлекетінің нышанын көрген Мағжандар тағы үміт күтті. Омбыдағы Сибревком жанындағы мұсылман секциясына қазақ тобын бөліп алып, өз алдына қазақша «Кедей сөзі» деген атпен газет шығара бастады. Жаңа тұрпатты қазақ баспасөзін қалыптастыруға кірісті. 1921 жылғы 12 қаңтарда газет бетінде «Автономия кімдікі?» деген ашық сұрақты бас тақырыпқа шығарып, мақала жазды. Жаңа заманның заңды сұрағына өзі жауап беріп, әлеуметтік-саяси бетін ашып көрсетті:

«Оқыған азамат жұмыла автономия ісіне кіріскен жоқ. Оқығандар арасында ұғыныспағандықтан, түскен көңілсіз, орынсыз жік әлі жойыла қойған жоқ. Ұғыспау әлі бар. «Бұл автономия сенікі емес, менікі!» деген ұнамсыз сөздерді әлі естуге болады. Кеше, 17-18-19-жылдары «автономия» деп атқа қонған азаматтардың біразы қазір автономияға үмітсіз, салқын қарайды.

Кіріскісі келмейді» деп қынжылады да Мағжан ақын өзінің туған халқына деген, қазақ бауырына деген адал ниетін оқырмандарына бейнелі сөзбен жеткізе отырып, мақаланың бас тақырыбындағы «Автономия кімдікі?» деген сұраққа мынадай айқын жауап береді:

«Айлы, күнді, қанды отты тарихы бар; кең, бай, терең тілі, әдебиеті бар; басқаларға үйлеспейтін төресі, шаруасы бар – қазақтікі. ...Жүз жылдар орыс ақсүйектері мен байларының тепкісінде елдігін ұмытпаған Алаштікі... «Аязды күні айналған, Бұлтты күні толғанған, Құрығын найзадай таянған, Қу талағай жастанған, Ер қазақтың автономиясы бұл!»

Қазақстанның автономиялық республика болып, Ресейдегі басқа да ұлттармен теңелді-ау деп, қолдаған Мағжанның сол кездегі қалам тербеуі еліміз деп соққан пәк жүректің дүрсіліндей адал, әр сөзі кіршіксіз таза еді. Мұны айтқанда біз жоба-жосығы осы-ау деп төтелеп отырған жоқпыз, нақты дәлелдер келтіріп, 1921 жылғы ақпанда Ресейде басталған башыгеш-қулақ

тар көтеріліс өрті Қызылжар мен Көкшетау төңірегіне жайылғанда, коммунистер мен советке қарсы қанды қырғын көтерілістің салдары қазақтың сорын бұрығыдан да қайнататынын болжаған Мағжан: «Қазақ бауырлар, жолдастар! Сіздер ол жаулардың тіліне елігіп, соңынан ермеңіздер. Аты өшкір үкіметтің заманында көбірек тепкі көрген, езілген, құлдықта жүрген халықтың бірі – біздің қазақ халқы болатын. Қазақ халқын өткен уақытта ешкім қатарға алып, адам санына қоспады. Туып-өскен жерінен, Сарыарқа сары белінен еңіретіп зарлапты, қуып шығатын кім еді? Бұлар сол қараңғы уақытта Совет Үкіметіне қарсылық жасап жүргендер! Олар өтіп кеткен қайғылы қара түнді қазақ халқына қайта орнатпақшы! Ондай құлардың Совет Үкіметі туралы неше түрлі болса да, құтыртып, ертіп таратқан хабарларына нанбаңдар. Ешнәрсеге алаң болмай, істеп келе жатқан шаруаларыңызды жүргізе беріңіздер! Ел арасына бұзақыларды ұстауға шыққан қызыл армияға жәрдемдеріңізді аямаңыздар. Жасасын, Совет Үкіметі! Жасасын, Қазақ Жұмқұрияты! Жасасын, істі қазақ еңбекшілері!»

Губерниялық газет «Бостандық туының» 1922 жылғы 19 наурыздағы бірінші санында осылай деп ұран тастаған ақын, газеттің 3 сәуірдегі екінші санындағы «Екіден – бір» деген мақаласын былай аяқтайды: «Сондықтан, біздің алдымызда екі ғана жол бар. Азаттық, не құлдық. Не совет бостандығы. Не Николай-Колчактың құлдық қамыты. Міне, қазаққа осыны ұғатын мезгіл жетті. Алдымызда екі жиын қара тұр. Біреуі – ел болам деген қазақты шетінен бауыздау керек деп қылышын даярлап тұрған Дутов, Иванцов, Ринов сықылды қара жүздер. Екіншісі – құлдықта езілген сорлы елді, қатарға кір, ел бол деп, құшағын жайып тұрған Ленин, Сталин жолы».

Қазақ автономиясы құрылып, Ақмола губерниясының орталығы болған Қызылжарға Омбыдан аттанар алдында, «Бостандық туы» газеті бетінде (12 сәуір, 1922) Мағжан қазақ оқығандарына хат жариялады. Онда: «Жас қазақ республикасының барлық шаруашылығын қолына алып... елге қамқор оқығандар билік төріне шығуы керек... Көксегені – бақ, күйттегені – дәреже, сән-салтанат, мақтану, өзінің өзгеден үстем



Міржақыптың «Оян, қазағын!» бесігінде тұншықтырмақ болып, сан түрлі қиянат жолын іздеген отаршыл билік мына өлеңдері үшін Дулатовтың шәкірті Мағжанды да нысанаға алған. «Шолпанның» таралуына тыйым салынып, автордың соңына жансыз әкімшілік бақылау қойылған. Сәбит Мұқанов: «...Мағжанның ақындығын қозғауға екінші себеп – Міржақып болуы керек» дегенді не пиғылмен айтса да, негізсіз емес

екендігін көрсететін» оқығандар емес. «Оқыған адамдарда ең бірінші қасиетті сипат сол – оларда дүниеге қараған белгілі көзқарас болады, нық бекіген мақсаты болады, айнымайтын бір идея меншіктейді».

Күрескер, қайраткер ақын сол кезеңнің қазақ үшін ақиқат шындығын боямасыз көрсетіп, түсіндірді. «Қазақ төңкерісті өзі жасаған жоқ. Төңкеріске дейін де, төңкерістен кейінгі үш жылда да теңдікке қолы жетпеген... Отаршылдықтың жарасы әлі жазылмаған» жағдай еді. Мұндай жағдайда «Қазан төңкерісінің нәтижелерін қазақтың мойнына қамытша кигізе салуға болмайды» деп дұрыс тұжырым жасады.

Қош... Орыс патшасы тағынан құлады, аумал-төкпелі замандар өтті. Кеңес өкіметі орнады, большевиктер билік басына келді. Бұрынғы ескі тәртіптің зәбір теріске шығарылып, жаңа заман келген. Сөйтсек... әлі келген жоқ екен. Отаршылдар қашан да кекшіл болады. Аталайрың кегін кейінгі ұрпақтары алады. Оны көп жыл архив ақтарғанда талай көріп, көзіміз жеткен. Сонау Екатерианың империялық заманында басталған тыңшылық, қудалау, жазықсыз жазалау тәртібі сол күйінде, кеңес заманында одан әрі жалғасқанын көрдік. Патша жандармериясының құпия қағаздарын коммунист-чекистер түгел басып қалды да, социалистік қоғам жағдайында өз қажетіне пайдаланды. Бұрын бақылауда болғандарға кеңес заманында да күзет қойылды. «Не шықса – солардан шығады» деген белгілі пиғыл...

1921 жылы мамыр айында Мағжан Жұмабайұлы жаңа құрылған Ақмола губерниясының басшысы Әбдірахман Әйтиевтің шақыруымен Петропавлға (Қызылжар) «Бостандық туының» редакциясын ала келіп, газет шығарды. Мамыр айының басында «Аш-арықтарға көмек көрсету жөніндегі губерниялық төтенше комиссия» төрағасының орынбасары ретінде аштан қырылып жатқан жерлеріне көмектесті. Сол күндердегі жағдайды танып-білу үшін баспасөз дерегіне жүгінейік. Петропавл қаласында орыс тілінде шығып тұрған, губерниялық «Мир труда» газетінің бетінде 1922 жылдың 11 маусымында Мағжан «Сарыарқадағы аштық» деген тақырыппен көлемді мақала бастырды. Автор қазақ даласын жайлаған аштық туралы және қазақтың табиғи бітім-болмысы төзімді екендігі, аштан қырылып жатса да үдік серіппейтін момындығын айтты.

**Зарқын ТАЙШЫБАЙ,
М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің профессоры,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**

(Жалғасы бар)

– Әсем, бүгінде сіз өз салаңызда жетістікке жеттіңіз. Алдымен өзіңіз жайлы айтып беріңізші. Қай өңірдің тумасысыз?

– Мен 1995 жылы Жезқазған қаласында дүниеге келдім. 2001 жылы Астана қаласындағы №11 мектепке бардым. Сол мектепте ұстаздарымыздың берген білімін өз қызметіме қолдана бастадым. Алғаш тәлім алған білім кейінгі оқуыма да оң әсерін берді.

– Әрине, өз салаңыздың биігін бағындыру оңай емес. Ол үшін әрдайым білімнің жетілдіріп отыру қажет. Осы жолда алған біліміңіз жайлы білгіміз келеді.

– 2012 жылдан 2013 жылға дейін бір жыл Сингапур еліндегі International Language School-да білім алдым. Шет тілін жетік меңгерген соң, 2013 жылы Швейцариядағы BHMS университетінде Hospitality management мамандығы бойынша төрт жыл бойы оқыдым. ЖОО-да бізді тек Швейцарияның ғана емес, Мальдив аралдарының мейрамханалары мен қонақ үйлеріне тәжірибеде өтуге жіберді. Бұл менің еңбек жолымда жетістікке жетуіме өз ықпалын тигізді.

– Керемет нәтиже. Шетел асып, білім алуға моральді тұрғыда дайындық пен ынта қажет. Демек сіздің бойыңыздан қоғамға қажетті мамандықты игеруге деген құлшыныс та, қабілет те табылғаны ғой. Осы рет-

АСҚАҚ АРМАНЫН БАҒЫНДЫРҒАН

Мейрамхана ісі мен бизнесі – нағыз қазіргі заманға қажетті мамандықтардың бірі. Ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын, болашағы зор іс бәсекеге қабілеттілік пен алғырлықты талап етеді. Ал қазақ халқы бұл саланы игеруде айқын басымдылыққа ие десек, артық айтқанымыз емес, қонақжайлылық ежелден бері ұлтымыздың қанына сіңген қасиет екені бәріне мәлім. Қазіргі жастардың арасында ата-баба салтын жалғап, төл тарихымыздан келе жатқан қасиетті әлемдік стандарттармен байланыстыра отырып, қызметінде жетістікке жетіп жүргендердің саны көп. Соның бірі – Әсем Қайратқызы Абдысатарова.



мын. Өз елімнен алған білімнің аясын кеңейтіп, америкалықтардың қонақжайлылығын, қонақ күту мәдениетін зерттеп көруге бел будым. Өйткені заман даму үстінде, ал біз тек Қазақстанның емес, әлемнің өркениетін түсінуге, әрдайым сана көкжиегімізді кеңейтуге тырысуымыз керек. Сонда ғана арманымыздың асқақ шыңын бағындыра аламыз.

– Әсем, біз сіздей жастарымыздың шетел асып, дүние жүзін бағындыруға аттанғанына қуаныштымыз. Еліміздегі қонақжайлылық үрдісін өзге елде де таныстыра беруіңізге тілектеспіз. Сіз елімізде бұл саланың тетігін тауып жатқан жастарымыздың айқын үлгісін көрсетіп жүрсіз. Осы орайда арман-мақсатына жеткісі келетін ізбасарларыңызға қандай кеңес бересіз?

– Әрине, кез келген жетістік жеңіл жолмен келмейді. Сондықтан ешқашан кері шегінбей, арманға қарай қадам баса беру керек. Қанша кедергі кезіксе де, өз жолыңыздан таймаңыз. Менің айтарым осы. Жалпы өз тәжірибемде алған білім мен тәжірибемен бөлек, табандылығым мен қайсарлығым көмектесті дей аламын. Сол үшін жастарға жігеріңіз ешқашан сөнбесін дегім келеді.

Сұхбаттасқан
Ұлжан ИБРАИМОВА



те сіздің еңбек жолыңызды сұрамасқа болмас...

– Иә, шетелдегі жоғары оқу орнында оқып жүріп, әлемдік

тәжірибенің қыр-сырын меңгердім. Өзге мемлекетте алған білімді өз елімде көрсеткім келіп, жұмысыма білек сыба-

на кірісіп кеттім. 2017 жылы Астана қаласында Ritz Carlton қонақүйі ашылғаннан бастап дайшы ретінде қызмет еттім.

Жақсы дағдыларым мен қабілетімді көрсеткен соң, 2018 жылы Captain of F&B Division лауазымына көтерілдім. 2017-2019 жылдардың арасында «Жылдың үздік қызметкері» атағын алдым. Ал 2020-2022 жылдары «Хиты XX века» ЖШС-да мейрамхана әкімшісі ретінде жұмыс істедім.

– Үш жыл бойы қатарынан «Үздік қызметкер» атану екінің біріне бұйыра бермейді. Ол үшін жұмыста кәсіби маман ретінде, ал жұмыстан тыс уақытта адами қасиетке бай адам ретінде танылу қажет. Сонда ғана еңбегің бағаланып, биік шыңға жетуге мүмкіндік бар. Әрі қарай біліміңізді жалғастырудың ба?

– Иә, 2022 жылдан бері АҚШ-та білім алып жатыр-

«ҚЫЗЫЛ ТРАКТОР» БІЗДІҢ ТРАКТОР ЕМЕС

Отбасы әрбір адамның жер бетінде аяғынан нық тұрғызатын қасиетті тұғыры екені баршаңызға мәлім. Бесігі бекем баланың өмірдің дауылдарына төтеп берер қауқары мықты болады. Бірақ қазақ отбасының қазіргі жағдайы қазығы суырылып кеткен жылқыдай өз бетімен ауа жайылып жүр.

Айгүл
УАИС

Қазақтың болашағына жаны ашығандардың қазіргі қазақ отбасының даму бағдарын болжап, оның терең трансформация кезеңінде екенін айтып жатыр. Ол аздай отбасы институтының ғаламдық өзгерісі де бізді шарпып, керек десеңіз, әлеуметтік құрылым мен ұлттың дағдарысы ретінде ұлтымыздың құндылықтарының орны ауысу үрдісі көз алдымызда өтіп жатыр. Оның бір белгісі бала туу деңгейі төмендеді. Ресми тіркеліп, некесін қиған жұптар саны азайып, қаласа – бірге, қаламаса – бөлек тұратындар көбейіп жатыр. Некеңің берекесі кеткен соң, алғашқы қиындықтан аса алмай ажырасу әдетке айналды. Қарттан қадір кетті, балаға пейіл жоқ. Бұл бүкіл отбасындағы күрделі жайттың көрінісі ретінде жиілеп кеткені сонша-

ма әрі екінің бірінің басындағы жағдай болған соң да ештеңеге таң қалмайтын болдық.

Отбасылық құндылықтардың шайқалып, өзгелердің ұстанымы мен идеясы қазақ қалпымызға орасан соққы болып тигеніне бей-жай қарап, оны жаһандану, гендерлік саясат тағы басқа да себептердің астарында жауырды жоба тоқимыз. Бір жағынан қарағанда, заман өзгерді, заманына қарай амалы өзгерді дерсіз.

Расында, заманға салған жеңіл. Ізгілік, сүйіспеншілік, отбасындағы үйлесім, үлкенді кіші тындауы, ер-заматтың ірілігі, әйелі ерін сыйлауы, қиыншылықтарды жеңудің жолы, өмірдің қуаныштарына қуана білу, яғни адамның адамдығының белгісі ретінде санамыздан өшіп барады. Оның жақсы үлгісі кешегі өткен жақсыларымыздың басында болып еді. Бір ұстанымға

үйіріліп, содан үлгі алып, сол тәжірибемен өз жолымызды тапқан да едік. Қазіргі күнде ақпараттан таршылық жоқ. Тек таңдау жасай алмайтын болдық. Тұғырында мығым отырмағандар мен өмірді енді бастағандар жақсылықтың қайнарын қайдан тауып, шөлін қалай қандырады?

Алысқа бармай-ақ қоялық, «баланы бесіктен» деген халықпыз. Десе де, автобустарда жиі байқаймыз, сәбиіне «көк трактор» клипін қосып қойып, алданыш қылатындар көп. Соңғы хит болса керек. Бала түгілі, ересектерді де баурап алатын, ырғағы да жақсы, мағынасы да жаман емес, соңғы технологиямен қызылды-жасылды етіп-ақ түсірген. Бірақ, қызыл трактор қазақтың тракторы емес, тілі басқа.

«Қызыл тракторды» көріп-естіп өскен бала, тілі шыға келе айналасын танып-біліп өзін қоғамның бір мүшесі ретін-

де еркін сезіну үшін құмарта көретін мультфильмдерін осы қатардан іздейді. Оған ұсынатын кішкентай жүректі мейірім, шапағатқа бөлейтін, адалдық жолын меңзейтін мультфильмдеріміз қайда? Кейіпкерлері аударылып-төңкеріліп жүрген «Алдаркөсе» мультсериалын айтамыз ба?!

Балаға үлгі ретінде көрсеткіңіз келетін нәрсені «тик-ток-тан» табу қиын. Керісінше, оның зиянын тілмен айтып та жеткізе алмайсыз. Оған тыйым да сала алмайсыз. Ендеше жүйелі түрде бала тәрбиесінде маңызы бар мазмұнмен анимацияның мүмкіндіктерін молынан пайдалануға болады ғой. Баласы дүниеге келместен смартфон ұстататын келіндердің бұл әдетін қойдыра алмайтын, әлди-әлди айтатын әже жоқ заманда жақсылықты мультфильмнен үйренер деген үміт қой.

Бала тәрбиесінде олардың өз ортасына әлеуметтенуіне бейімделу үрдісін жеңілдететін, өз жолын табуға көмектесетін заманауи жоғары сапалы, ұлттық құндылықтардың дәнегін егетін анимациялық фильмдерге назар аударған жөн. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» естеріңізге болар. Әрине, ертегі-қиялға негіздел-



Алысқа бармай-ақ қоялық, «баланы бесіктен» деген халықпыз. Десе де, автобустарда жиі байқаймыз, сәбиіне «көк трактор» клипін қосып қойып, алданыш қылатындар көп. Соңғы хит болса керек. Бала түгілі, ересектерді де баурап алатын, ырғағы да жақсы, мағынасы да жаман емес, соңғы технологиямен қызылды-жасылды етіп-ақ түсірген. Бірақ, қызыл трактор қазақтың тракторы емес, тілі басқа

геніне қарамастан дәл осындай туындылар балаларға көптеген пайдалы ақпарат береді. Жақсысына елітіп, жаманынан жиренеді.

Мұндай фильмдерді шығарғанда немесе шетел-

дік туындыларды ана тіліне аударғанда отбасылық тақырыбын басты назарға алып, соған қатысты маңызды және құнды эпизодтарды қамтыған жөн. Отбасы үйлесімі, әсіресе, ата-ана мен бала арасында сенім, түсіністік, қарым-қатынас қандай жағдайда үйлесім табатынын, қалай орнайтынын нақты мысалдармен анық көрсетілген фильмдерді шығаруды қолға алу керек. Бұл өскелең ұрпақтың отбасының бастауы ретіндегі көзқарасын, түсінігін қалыптастырып, тәрбиедегі кемшілігін түзетуге мүмкіндік береді. Бала өзгенің қылығынан үлгі-өнеге алып, өзі үшін де өзге үшін де жауапкершілікті сезінетін, жеке тұлға болып қалыптасуы үшін қажеттінің бәрін дұрыс қайнар көзден қабылдайтын болады.

Алдағы уақытта осы құндылықтарды дәріптейтін фильмдерден бастап әлеуметтік жарнама болса да күнделікті көз алдымыздан кетпейтін, үлкен-кішіні ізгілікке үндетін түрлі туындылардың легін жолға қою керек. Табиғатынан тозып, болмысынан бұзылып бара жатқан ұлттың рухын оятатын, жігерін қайраттын қандай амал болса да әрекет еткен жөн, әйтпесе кеш қаламыз.



#КЕРЕККЕҢЕС

ЖӘРДЕМАҚЫЛАР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне кімдер қатыса алады? Әлеуметтік төлемдер кімдерге арналған және оларға қандай мемлекеттік жәрдемақылар төленеді? Осы және өзге де сұрақтарға төменде жауап ала аласыздар.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУҒА ТӨМЕНДЕГІ АЗАМАТТАР ҚАТЫСА АЛАДЫ:

* қызметкерлер, сондай-ақ ақылы жұмысы бар (сайланған, тағайындалған немесе бекітілген) тұлғалар;
* жеке кәсіпкерлер, оның ішінде шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары; жеке тәжірибемен айналысатындар.

2024 жылғы 1 қаңтарға дейін:

* бірінші жылғынкі төлемді төлеуші жеке тұлғалар;
* шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және табыс әкелетін қызметті жүзеге асыратын қандастар.

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Міндетті әлеуметтік сақтандыру мынадай түрлерге бөлінеді:

* еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайы;
* асыраушысынан айырылу жағдайы;
* жұмысынан айырылу жағдайы.
* жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлем.

* бала 1,5 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты кірісінен айырылу жағдайы.

Әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеуде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар жүргізілген ай сайынғы кірістер ескеріледі.

Әлеуметтік төлемді есептеу үшін қабылданатын табыс Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі жалқының 7 еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы – бұл әлеуметтік аударымдар төленетін және әлеуметтік тәуекел жағдайы туындаған кезде әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар жеке тұлға.

ЖҮКТІЛІККЕ ЖӘНЕ БОСАНУҒА, ЖАҢА ТУҒАН БАЛАНЫ (БАЛАЛАРДЫ) АСЫРАП АЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТАБЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨЛЕНЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Төлем жүктілікке және босануға байланысты демалыстағы қорға әлеуметтік аударымдар төленген жұмыс істейтін әйелдерге тағайындалады.

Төлем үшін қайда жүгінуге болады?

Төлемді келесі әдістердің бірімен алуға болады:

* «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы;
* «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz);
* ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы (қызметке құқық туралы sms-хабарлама алған кезде, оны көрсетуге келісім туралы sms-жауап жолдай отырып).
Өтініш беру мерзімі 12 айдан аспауы тиіс.

Әлеуметтік төлем мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстың орташа айлық мөлшерін еңбекке жарамсыздық күндерінің тиісті коэффициентіне көбейту жолымен айқындалады.

БАЛА 1,5 ЖАСҚА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН ОНЫҢ КҮТІМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТАБЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨЛЕНЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Әлеуметтік төлемге құқық баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген туған күнінен бастап, бала (балалар) асырап алынған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға қорғаншылық тағайындалған жағдайларда, баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 1,5 жасқа дейін немесе қамқоршы тағайындалған күннен бастап туындайды.

Баланы (балаларды) күтуді жүзеге асыратын және қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқығы бар міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға тағайындалады. Егер бала күтімін бірнеше қатысушы жүзеге асырса, онда әлеуметтік төлем олардың біреуіне ғана тағайындалады.

Төлем үшін қайда жүгінуге болады?

Төлемді келесі әдістердің бірімен алуға болады:

* «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы;
* «Электрондық үкімет» веб-порталы (www.egov.kz);
* «eGov Mobile» мобильді қосымшасы;
* сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы (қызметке құқық туралы sms-хабарлама алған кезде, оны көрсетуге келісім туралы sms-жауап жолдай отырып).

АСЫРАУШЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушы – қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) асыраушысының асырауында болған отбасы мүшелері төлем тағайындауға және алуға құқылы. Төлем құқығы қайтыс болған күннен бастап туындайды.

Төлем төмендегілерге тағайындалады:

* балаларға, оның ішінде асырап алынған балаларға;
* 18 жасқа толмаған бауырларына, әпкелеріне және немерелеріне, егер олардың еңбекке қабілетті ата-аналары болмаса;
* 3 жасқа толмаған асыраушысының асырауындағы адамға күтім жасаумен айналыса, ата-анасының, жұбайының немесе атасының, әжесінің, ағасының немесе әпкесінің біріне барады. Егер 18 жасқа толған отбасы мүшелері болса, білім беру ұйымдарында күндізгі бөлімде білім алады (оқиды), төлем оқу бітірген күнге дейін, бірақ 23 жылдан аспайтын мерзімге дейін жүзеге асырылады;



* I немесе II топтағы бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға төлем мүгедектікті белгілеу мерзіміне тағайындалады.

ЖҰМЫСЫНАН АЙЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Құқық жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап туындайды және бірыңғай жиынтық төлемді төлеуші жеке тұлғаларға қолданылмайды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға жұмысынан айырылған жағдайда әлеуметтік төлемдер тағайындалады:

* 6 айдан 12 айға дейін әлеуметтік аударымдар жүргізілген жағдайда, 1 айға арналған күн;
* 2 айға (әлеуметтік аударымдар – 12 айдан 24 айға дейін);
* 3 айға (әлеуметтік аударымдар – 24 айдан 36 айға дейін);
* 4 айға (әлеуметтік аударымдар – 36 айдан 48 айға дейін);
* 5 айға (әлеуметтік аударымдар – 48 айдан 60 айға дейін);
* 6 айға арналған қаржы (әлеуметтік аударымдар – 60 және одан да көп айдан бастап).

Төлем тағайындауға өтініш беру мерзімі – төлем құқығы туындаған күннен бастап 12 ай.

ЕҢБЕК ЕТУ ҚАБІЛЕТІНЕН АЙЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ТӨЛЕНЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ

Еңбекке қабілетінен айырылған жағдайда, әлеуметтік төлемге құқық медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушының жалпы еңбекке қабілетінен айырылу дәрежесін белгілеген күннен бастап туындайды. Еңбекке қабілетін жоғалту коэффициенті жалпы еңбекке қабілетін жоғалтуын белгілеген дәрежесіне 30-дан 100 пайызға дейін сәйкес келеді.



БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

«Балалары бар отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 10-бабына сәйкес, бала тууға берілетін жәрдемақының мөлшері: – бірінші, екінші, үшінші бала үшін – 38 (АЕК); – төртінші және одан да көп бала үшін – 63 АЕК. Баланың туылуына байланысты жәрдемақы – біржолғы. Бала күтімі бойынша жәрдемақы мөлшері: – біріншісіне – 5,76 АЕК; – екіншісіне – 6,81 АЕК; – үшіншісіне – 7,85 АЕК; – төртіншісіне және одан көбіне – 8,90 АЕК. Бала күтімі бойынша мемлекеттік жәрдемақы 1,5 жасқа толғаннан кейін ай сайын төленеді.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖӘРДЕМАҚЫ

4 және одан да көп көмекке толмаған балалары немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын студенттері бар көпбалалы отбасына төленеді. Жәрдемақы мөлшері 23 жасқа дейінгі көмекке толмаған балалар немесе күндізгі бөлімде оқитын студенттер санының өзгеруіне байланысты қайта есептеледі.

Отбасының табысына қарамастан мына мөлшерде тағайындалады:

* 4 баламен есеп айырысу – 16,03 АЕК;
* 5 баламен есеп айырысу – 20,04 АЕК;
* 6 баламен есеп айырысу – 24,05 АЕК;
* 7 баламен есеп айырысу – 28,06 АЕК;
* 8 және одан да көп балаға төлем – әр балаға 4 АЕК.

Жәрдемақы өтініш берілген күннен бастап ай сайын төленеді.

«Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған (немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған) көпбалалы аналарға берілетін жәрдемақы

Төлем үшін қайда жүгінуге болады?

* «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы;
* ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы (қызметке құқық туралы sms-хабарлама алған кезде, оны көрсетуге келісім туралы sms-жауап жолдай арқылы).

Жәрдемақы мөлшері – 6,4 АЕК. Жәрдемақы ай сайын төленеді. Атаулы әлеуметтік көмек Жан басына шаққандағы орташа табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен аспайтын ҚР азаматтарына, қандастарға, босқындарға, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға шартсыз және шартты ақшалай көмек түрінде төленеді.

ШАРТСЫЗ АҚШАЛАЙ КӨМЕК КЕЛЕСІ ТҮЛҒАЛАРҒА КӨРСЕТІЛЕДІ:

Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларына қатысуға мүмкіндігі шектеулі жалғызбасты және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған тұлғаларға төмендегі себептер бойынша:

* зейнет жасына жету;
* I немесе II топтағы мүгедектігі бар;
* 2 айдан астам уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімі белгіленуі мүмкін ауруы бар болғанда.

Құрамында еңбекке қабілетті адамдары жоқ немесе еңбекке қабілетті жалғыз мүшесі келесілерге күтім жасауды жүзеге асыратын табысы аз отбасыларға:

* 3 жасқа дейінгі балаға;
* мүгедектігі бар балаға;
* I немесе II топтағы мүгедектігі бар балаларға;
* бөденің күтіміне және көмегіне мұқтаж қарттарға.

Шартты ақшалай көмек келесі тұлғаларға көрсетіледі:

* жалғыз және (немесе) жалғыз тұратын аз қамтылған еңбекке қабілетті адамдарға;
* құрамында еңбекке қабілетті мүшесі (мүшелері) бар аз қамтылған отбасыларға, оның ішінде жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қатысқан жағдайда, бірыңғай жиынтық төлем төлеуші жеке тұлғаларға ақы төлеу.

Атаулы әлеуметтік көмекті алушы 10 жұмыс күні ішінде халықты жұмыспен қамту орталығын атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін немесе оны алу құқығын өзгертуге негіз бола алатын мән-жайлар туралы хабардар етуге міндетті.

АЭК бойынша тағайындалған сомаға ай сайынғы негізде 1 жастан 6 жасқа дейінгі әрбір балаға қоса алғанда 1,5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қосымша төлем төленеді.

Айгүл АЛЬЖАКСИНА

ҚАДАҒАЛАУ КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛІГІНЕ КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУ

Астана қаласы әкімдігінің «№15 қалалық емхана» ШЖҚ МКК, Астана қаласы әкімдігінің «Достық» АМСК орталығы» ШЖҚ МКК қадағалау кеңесінің мүшелігіне іріктеу жөніндегі конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №113 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда қадағалау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біреуінің болуын қамтиды:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде мына тұлғалар сайланбайды:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;
3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;
4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды қадағалау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінішінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.


Конкурстың өтетін орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11-ғимарат, 419-кабинет, 556839.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2024 жылғы 25 маусым.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2024 жылғы 24 шілде.

Астана қаласының мәслихаты, Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық инфекциялық орталығының» ШЖҚ МКК директоры Зекен Беркүтұлы Исаковқа **анасы Слуды Исакованың** дүние салуына байланысты орны орны толмас қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтады.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. Жақын адамнан айырылу ешкімге оңай соқпайды. Мұндай өзекті өртейтін жағдайда сабыр сақтап, бекем болыңыздар. Аман қанша, тағдырдың жазғаны, дәм-тұзының таусылғаны осы болар. Иманы саламат болсын!



ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТУРНИР

Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кәсіподақ ұйымы, Altyn Qyran қоғамдық қоры, Patriot portaly және Qadaz орталығының демеушілігімен БАҚ қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай «Зодиак» бильярд клубында Алаштың ардақтысы Ақселеу Сейдімбекті еске алуға арналған тастаяқтан республикалық турнир өтті.



Шапағат
ӘБДІР

Жыл сайын журналистер арасында дәстүрлі түрде өтіп келе жатқан бұл жарысқа республикалық БАҚ өкілдерімен қатар Қойшығара Салғара, Сайын Назар-

бек, Төлен Әбдік секілді жазушылар және қоғам қайраткерлері қатысты.

Ал жарыстың ашылу салтанатында сөз сөйлеген аталған университет ректоры, ҰҒА академигі Ерлан Садықов алаштың ардақты ұлы Ақселеу Сейдімбектің қалыптастырған биігінің аласармайтынын айтып бір тоқталды. Сонымен қатар ұйым-

дастырылып отырған ойынның мәніне де назар аударып, тастаяқ шарларын адамдардың тағдырымен байланыстыра сөйлеп, жарыс иелеріне өмірде де өнерде де орындарын дәл және тура табуына тілектестік білдіріп жарыс шымылдығын ашты. Белгілі қаламгер, сенатор Нұртөре Жүсіп қатысушыларға жеңіс пен сәттілік тіледі.

Сонымен не керек, бірлік пен ынтымақты негіз етіп, ұрпақтар сабақтастығының туын көтерген дода мәні де, сәні де келісіп мәреге жетті.

Нәтижесінде ардагерлер арасынан бірінші орынды ардагер фотожурналист Мақсұт Иржанов, екінші орынды белгілі сатирик-журналист Базарбек Түкібай, үшінші орынды ардагер қаламгер Сәдібек Түгел, төртінші орынды Тұрмағанбет Кенжебаев жеңіп алды. Ал журналистер арасынан бірінші орынға «Хабар» агенттігінің қызметкері Ахмет-әлі Сахов жайғасса, екінші орынды «Айқын – Литер» холдингінің директоры, белгілі ақын Талғат Ешенұлы, үшінші орынды «Qazaqstan» телеарнасының режиссері Асылхан Манапов, төртінші орынды «Егемен Қазақстан» газетінің фототілші Ерлан Омаров қанжығасына байлады.

Бұдан басқа «Ең сыйлы», «Ең мәдениетті», «Ең шебер», «Ең мерген», «Ең шапшаң», «Техникасы ең мықты тастаяқшы» сияқты арнайы жүлделер де табысталды.

ЕСІЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ҚОЙЫЛЫМ

Есіл өзенінің жағасындағы Кенесары хан ескерткіші аумағында Ішкі істер министрлігі Ұлттық ұлан Ән-би ансамблінің солистері мен Үлгілі-көрсетімді оркестрінің салтанатты қойылымы өтті.

Қазақстан полицейлерінің кәсіби мерекесіне орай ұйымдастырылған концертте қала тұрғындары мен қонақтары ашық аспан астында жанды дауыста музыка тыңдап, ерекше көріністі тамашалады. Концерт бағдарламасында классикалық және заманауи туындылар, сондай-ақ құқық қорғау органдары қызметкерлерінің ерлігі мен қайсарлығына арналған патриоттық композициялар тарту етілді.

Осылайша, аға лейтенант Олжас Сұрағановтың дирижерлігімен үлгілі-көрсетімді оркестр музыканттарының орындауында «Саптық марш», «Танымал әндерден попури», «Жорға», «Батырлар ұраны», «Жаса, Қазақстан!» туындылары орындалды.

Осы күні Есіл өзенінің жағалауы ән мен жырға толды деуге болады. Астана қаласы әкімдігінің

«Астана» эстрадалық-симфониялық оркестрінің өнерпаздары вокалдық, аспаптық, халық әндері, қазақстандық және шетелдік сазгерлердің классикалық шығармаларын орындап, жиналған қауымға мерекелік көңіл-күй сыйлады.

Астана қаласы Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Нұран Қамзиннің айтуынша, елордалықтар үшін жазғы мезгілде апта сайын түрлі концерттер өтетін болады.

«Есілдің бойында орналасқан сахнада елорда тұрғындары мен қонақтары үшін түрлі іс-шаралар мен концерттер ұйымдастыру жоспарланған. Өнерсүйер қауым апта сайын қаламыздағы өнер ұжымдарының концертін тамашалай алады. Өртүрлі жас аралығындағы көрермендер үшін түрлі жанрдағы концерттер өтеді» деді Нұран Қамзин.



ЖАС ХОККЕЙШІЛЕР ЖАРЫСЫ

Халықаралық Олимпиада күніне орай Астанада интерактивті хоккейден турнир өтті.

Турнирге 2012 жылы туған балалар арасындағы 4 астаналық команда қатысты. Атап айтқанда, «Номад», «Астана-1», «Астана-2» және «Бригантина». Командалары бірінші кезеңде балалар киберхоккейден ұпай жинаса, екінші кезеңде кросс-айс форматында мұз айдынын-

дағы жарыста бақ сынады. Нәтижесінде, «Номад» командасы турнирдің жеңімпазы атанды.

Қатысушылардың барлығы ресми серіктестер Coca Cola Kazakhstan, Prima Distribution-мен бірлескен Galmart супермаркеттер желісінен естелік сыйлықтар алды.

26 маусым 19:00
ФИЛАРМОНΙΑ КОНЦЕРТ ЗАЛЫ
Астана қ. Кенесары, 32
МҰҚАФАЛИ МАҚАТАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН
«Есіңе мені алғайсың»
КОНЦЕРТІ

7+
+7 701 766 13 96
+7 778 124 07 94
Эстрадалық вокал бөлімінің әншілері
«Алет» заманауи би балеті
«Айналайын» балалар хоры
FREEDOM TICKETBOX

АСТАНА КҮНІНЕ АРНАЛАДЫ

Бокстан Астана күніне арналған 2010-2011 жылы туған жасөспірімдер арасындағы «Qazaq Arlanу» ашық республикалық турнирі басталды.

Турнирдің ашылу салтанатына сөз сөйлеген ҚР Туризм және спорт министрлігінің спорт басқармасының спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары Азамат Имашев қатысушыларға сәттілік тілеп, жарыс шымылдығын ашып берді.

Сонымен қатар Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының спорт бөлімінің басшысы Азамат Ағзамов, «Qazaq Arlanу» by M.Toitov бокс клубының негізін қалаушы, бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, «Astana Arlans» құрамында WSB нұсқасы бойынша екі дүркін әлем чемпионы, «Дала қырандары» қоғамдық бірлестігінің координаторы Мейрболат Тоитов және Қазақстанның еңбек сіңірген спорт шебері, әуесқой бокстан әлем чемпионы, Олимпиада ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері Болат Жұмаділов сияқты елге танымал азаматтар сөз сөйлеп, қатысушыларға жеңіс тіледі. Жалпы жарысқа қолдау көрсетіп келушілердің арасында блогер спортшылардан тартып, әлем чемпиондығына дейін жеткен спорт шеберлері болды. Ал

қатысушылар өздерінің мұндай деңгейдегі шаршы алаңда бокстасқандарына қуанышты екенін жеткізіп, болашақ армандарымен де бөлісті.

– Мен бокспен үш жарым жылдан бері қарай айналысып келе жатырмын. Осыған дейін 10-ға жуық алтын медаль алдым. Қазір жасым – 12 де. Болашақта Махмұд Сабырхан, Сәкен Бибосынов сияқты чемпион болғым келеді. Бұйырса, бүгінгі жарыста да өзімнің мықты дайындалғанымның нәтижесін көрсетемін, – дейді кішкентай боксшы Арысбек Нарқозы.

Сондай-ақ жарысқа қатысты балалардың әр қимылын бақылап, оларды осы сайысқа арнайы дайындап келген бапкерлер өздерінің болашақтан күтетін үміттері зор екенін айтып, жарысты ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

Жалпы бұл дүбірлі додаға Қазақстанның барлық аймағынан 200-ге жуық жас боксшылар қатысып отыр. 4 күнге созылатын жарыста жалпы есепте 15 салмақ дәрежесінде жеңімпаз пен жүлдегерлер анықталатын болады.

